www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ISSN 2074-899X

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№38 (870)

24 қыркүйек 2021 жыл

ОҚЫС ОҚИҒА



Кешкі бестен кете болған қанды қасап, бес адамның өмірін қиған шырғалаң уақыт өте келе көмескі тартатыны белгілі. Ал бүтіндей бір арқа сүйер асқар тауынан, белтірек азаматынан, бауыр еті баласынан бейбіт күнде айрылған жандардың жүрегіне қатқан жара жазыла ма? Ауыр қайғының салмағы алдымен қара жамылған отбасы мен ағайын-туғанның иығына түсері анық. Алла оларға сабыр берсін, марқұмдардың алдынан жарылқасын.

АҚБҰЛАҚТАҒЫ ҚАНТӨГІС

Оқиғаның қалай болғаны, неден тұтанғаны, екі бірдей полиция қызметкерін, сот орындаушыны, бес адамды өлтірген И.Дужновтың әйеліне тиесілі үйді банктің кепілдігінен сатып алған жаңа иесі мен оның танысын ажалға не айдап барғаны айтылып, жазылды.

Оқиғадан кейін көптің көкейінде күмәнді ойлар ұялады. «Атқыш И.Дужнов аңшы мылтығымен бес адамды жайратып салған екен, неге полиция қызметкерлері табельдік қаруын кезенбеді» деген сұрақ туды. Игорь Дужновқа тиесілі аңшы мылтығы «Вепрь» карабині екен. 2008 жылдан бастап Дужновтың атына тіркеуде тұр. Демек бұл үйде тұратын адамның заңды тіркелген қаруы бар екенін учаскелік полицей білуі тиіс. Сот орындаушы және үйді сатып алушылармен бірге келгенде, осыған мән берілуі керек еді. Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал майоры Қанат Таймерденов қызметкерлерінің неліктен қару қолданбағаны туралы өз болжамын айтты. Қ.Таймерденов учаскелік полиция қызметкерлерінің қару қолданбауын «үйдің ішінде балалар болғандықтан, солардың өміріне алаңдап атпауы мүмкін» деді. Бұл тек болжам ғана. Бір емес, екі бірдей полицейдің неліктен қаруын қолданбауы бұлыңғыр. Анық-қанығы тергеуден кейін анықталады. Ел аузында Дужнов үйінің қоршауына қамап алып атқаны айтылып жатыр. Ақпарат құралдарына сұхбат берген Игорь Дужновтың әйелі, бес адамның өмірінің қиылуына себеп болған даулы үйдің иесі Анаида Демирчян қылмыскер күйеуін ақтағысы келгендей.

Қанды қырғын болатын күні түскі сағат екінің шамасында сот орындаушы, полицейлер, үйді банктің кепілінен сатып алушы мен оның танысы келген. Жанжал үш сағатқа созылған. Анаида осы арада «Боран» мен прокуратура өкілдерін шақырып, қоңырау шалғанын айтты. «Боран» мен кезекші прокурор неге келмеді шақырту түссе? Анаида Демирчян «Банк біздің үйімізді нарықтағы бағасынан бірнеше есе төмен бағалап, өзімізге айтпастан сыртымыздан сатылымға қойып саудалап жіберген. Біз берешегімізді кешіктірмей төлеп келеміз» деді. Көп өтпей, шулы үйді кепілге қойып, несие рәсімдеген банк өкілдері де өз пікірін айтты. А.Демирчянның несиесін уақытында өтемегенін нақтылай түседі. «Банк ЦентрКредит» АҚ таратқан мәлімдемеде «2011 жылғы шілдеде «Нано Плюс» ЖШС қарыз алушысына негізгі борыш пен пайыздар бойынша төлемді 6 айға кейінге қалдыра отырып, жалпы сомасы 102 000 000 теңгеге екі қарыз берілген. Шарттар бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде кепіл шарттары жасалды, онда кепілмен қамтамасыз ету ретінде тұрғын емес үй-жай, жер учаскесі, сондай-ақ Алматы қаласы Алатау ауданындағы «Ақбұлақ» шағынауданы Сыздықов көшесі, 29 үй мекенжайы бойынша орналасқан тұрғын үй қабылданды. 07.03.2012 ж. қарыз алушыға үш ай мерзімге қосымша шегерім берілген. 20.08.2012 ж. бастап заем алушы өз міндеттемелерін еш орындамастан, кредитін төлеуді кешіктіре бастады. Келісімшарттағы міндеттемелерін орындамауына байланысты 17.04.2013 ж. борышты сот тәртібімен өндіру туралы шешім қабылданып, сол сәттен бастап банк аталған несие бойынша пайыз есептеудің тоқтатылғаны» айтылады. 2012 жылдан басталған пайызбен несие рәсімдеу жыры осылай қайғылы қазамен тәмамдалып отыр.

Пешенесіне жазылған ғұмырының 18 жылын ішкі істер саласына арнаған полиция майоры Дархан Сүлеевтің артында бес баласы, оған көмектесу үшін ілескен Нұрбол Байғазиевтің артында екі баласы қалды. Пәтер жалдап өмір сүріп келген Нұрболдың жары жуырда жүрек талмасына ұшырағанын да айтылды. «Тас түскен жеріне ауыр» қашанда.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ

СУТЕГІНІҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СЫРЫ КӨП

Климаттың өзгеруіне орай күннің шамадан тыс ысуы, мұздықтардың еруі, топан судың қаптауы сияқты табиғаттың жайсыз құбылыстары бүкіл адамзатты алаңдатып отыр. Ғалымдар мен мамандар мұны ауаға лас қалдықтардың көптеп таралуымен байланыстырады. Ғылым мен озық технологияға сүйенген алдыңғы қатарлы мемлекеттер өндірісте осы көмір қышқыл газының үлесін азайтып, жасыл энергияға түбегейлі көшуді, соның ішінде сутегі қуатын пайдалануды қарастырып жатыр. Еуропа сырттан әкелінетін өнімнің экологиялық тұрғыдан таза болуын талап ететін стратегиясын жариялады. Елімізде бұл бағытта қандай шаруа атқарылуда? «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевпен әңгімеміз отандық мұнай секторының осы жасыл энергияны дамытуға қосып жатқан үлесі төңірегінде өрбіді.

(Жалғасы 4-бетте)

БЕЗБЕН

КЕСЕЛДІҢ КЕСІРІ

Әлемді мезі қылған індеттің жаңа түрі (*штамм*) халыққа былтырғысынан ауыр тигенін естіп те, көріп те жатырмыз. Көпшілік куә, сондықтан оған мысал келтіріп, қайталап айтып жату артық. Таныс дәрігер (*бір облыстық психикалық орталықтың басшысы*): «Жұқпалы аурудан өткен жылы аман қалған пациенттер бұл жолы төтеп бере алмағаны былай тұрсын, жат ауруға бірден ілініп, баудай сұлап жатыр» деп эпидемиологиялық ахуалдың ақиқатын жеткізді.

Ғаламдық індет қоғамның қызу талқысына айналды. Бұл жөнінде білгір мамандармен, білікті сарапшылармен тайталасқан ғаламның небір «ақылшы-кеңесшілері», тәуіптері әлі күнге дейін неше түрлі ем-дом ұсынып, жарысып келеді. Олар шипаны, дерттің дауасын алкогольден, аяқ астынан бағасы шарықтаған имбирьден, қойдың құйрық майынан, тағы басқа өнімдерден іздеп, елді шарқ ұрғызғаны да есімізде. Өкінішке қарай, әлі де «халық емі» деп, қилы ішірткілерін жарнамалаушылар бар. Ең сорақысы – карантин кезінде ішімдікке тәуелді болғандардың саны күрт өсіп кеткендігі мәлім болып отыр.

Статистика комитетінің мәліметі бойынша, еліміздегі коронавирусқа қарсы карантин мезгілінде арақ, ликер өнімдерін тұтыну мөлшері 21,5 пайызға (*2020 жылғы қаңтар-қарашада 35,7 миллион литрге дейін*) өскен. Ал спирт ішімдіктерінің иммунитетті әлсіретіп, адам организмінің жұқпалы аурулар мен вирустарға қарсы қабілетін нашарлататыны – белгілі жайт. Түрлі қатаңдату, шектеу шараларына қарамастан, былтыр мас күйінде көлік жүргізген 8900 адам ұсталған.

(Жалғасы 3-бетте)

АҚЖОЛТАЙ

+997 – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАҢА КОДЫ

Елімізге жаңа телефон коды бекітілді.

Бұл туралы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин былай деді:

«БҰҰ жанындағы Халықаралық электр байланыс одағы Қазақстанға жаңа +997 деф кодын белгіледі. Енді біздің елден басқа мемлекетке қоңырау шалғанда шетелдіктердің телефонында Қазақстан деген жазу шығады.

Біз Қазақстанға ғана тиесілі халықаралық кодқа қол жеткізу үшін былтырдан бері телекоммуникация саласындағы компаниялармен бірге жан-жақты жұмыс жүргізіп келеміз. Осы келіссөздердің нәтижесінде біздің елге дербес +997 коды бекітілді».



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	76,16
DOLLAR	424,5
EURO	499
РУБЛЬ	5,87

7 KÚN 168 SAǴAT
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Сапалы ауыз сумен қамту, еңбек дауларын шұғыл түрде шешу, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету. Осы және өзге де түйткілді мәселелер Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Маңғыстау облысына жұмыс сапары кезінде талқыланды.

Фото: akorda.kz

ӨҢІРДІ ӨРКЕНДЕТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыстағы түйткілдің бірі – сапалы ауыз судың тапшылығы. Қасым-Жомарт Тоқаев өңірде қыруар қаржының түрлі қымбат ғимараттар салуға және басқа да мақсаттарға жұмсалып жатқанын атап өтті. Әлбетте, бұл да керек. Бірақ ешқайсысы судан маңызды емес.

– Мен Жолдауымда Кендірлі елді мекенінде су тұшыту зауытын салуды тапсырдым. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, 2024 жылдың соңына дейін зауытты іске қосуы керек. Облыстағы 12 елді мекенде, яғни ауылдардың 20 пайызында ауыз су жоқ. Биыл 4 ауылға ғана су жеткізу жоспарланған. Жұмыстың қарқыны өте баяу. Әкімдікке келесі жылдың соңына дейін осы 12 ауылдың бәріне таза су беруді тапсырамын, – деді Президент. Сондай-ақ ол шенеуніктердің біліксіздігінен «Каспий» су тұшыту зауытының қуатын арттыру жобасының жүзеге асырылуы тым созылып кеткенін, жоба құны көтерілгенін сынға алып, жыл соңына дейін аталған жобаны аяқтауды тапсырды.

Мемлекет басшысы мұнай-газ саласын одан әрі дамыту, соның ішінде өңірдегі жаңа кен орындарын игеру мәселесіне де тоқталды. Жалпы құны шамамен 5 млрд доллар болатын «Қаламқас-Теңіз» және «Хазар» ірі кен орындарын игеру жұмыстарын бастау жөніндегі шешімін еске салды. Кен орындарын игеру жұмыстарына жергілікті компаниялар мен кадрларды барынша тартудың маңызды екенін атап өтті. Мұнай кен орындарының бірте-бірте тозуына, 2030 жылға қарай өндірілетін мұнайдың азаюына байланысты проблеманы да қозғады. Бұл мәселені шешу үшін геологиялық барлау және жаңа кен орындарын іздеу бағытына белсенді түрде инвестиция тартуға шақырды. Бұл жұмыстарды атқару барысында жыл соңына дейін құрылатын Ұлттық геологиялық қызмет маңызды рөл атқаруы тиіс.

Мемлекет басшысы биыл жаппай мал шығынына алып келген қуаңшылық мәселесіне қатысты көзқарасын білдірді. Фермерлерге көмек көрсету кезінде шенеуніктердің сылбырлығын сынға алды. Облыс әкімдігі мен құзырлы министрлік қайта-қайта қағазын түгендеп, құжатын реттеп отырғанда ахуалды тұрақтандыру үшін резервтен бөлінген тиісті қаражат қиналған шаруаларға мезгілінде жетпеген.

Президент еліміздегі ең үздік он туристік аймақтың қатарына қосылатын Маңғыстау облысының туристік әлеуеті зор екенін атап өтті. Ол мұның дәлелі ретінде осы жылдың бірінші жартысында туристер саны үш есе артқанын алға тартты. Дегенмен курортты жерлердің туристік әлеуеті толық игерілмей отыр.

Президент газбен қамтудың перспективалары туралы айта келіп, Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, үш жыл мерзімде «Бейнеу-Жаңаөзен» магистральді газ құбырының екінші бөлігінің құрылысын қамтамасыз етуді және Маңғыстау облысының газ тасымалдау жүйесін реконструкциялауды тапсырды. Бұл газ химия өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі көлік-транзит әлеуетін дамытуды тағы бір маңызды міндет ретінде атады. Бұл ретте еліміздің теңіз порты арқылы өтетін Транскаспий мультимодальді халықаралық жолының маңызы арта түседі. Осыған орай, Үкіметке Ақтау және Құрық порттарының базасында контейнерлік хаб құруға және Қытайдан келетін экспорттық жүктердің бір бөлігін қайта бағыттауға тапсырма берді.

Сонымен қатар Бейнеу-Шалқар автожолының құрылысы Маңғыстау облысының көліктік-логистикалық әлеуетін арттыруға септігін тигізеді деп атап өтіп, Үкіметке тиісті жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді жеделдетуді тапсырды.

Президент сөзінің соңында көтерілген мәселелерді шешу үшін Үкімет пен облыс әкімдігіне екі аптаның ішінде Өңірді дамытудың кешенді жоспарын бекітуді тапсырды.

(Өз тілшіміз)

Әлеуметт

КИБЕРБУЛЛИНГКЕ ТОСҚАУЫЛ

Күні кеше Мәжілісте мақұлданған заң жобасы әлеуметтік желіде қызу талқылануда. Кез келген жаңашылдықты бірден сынға алатындар сан алуан пікірін бүкпесіз жазып жатыр. Біреу жақтайды, біреу даттайды. Әйтеуір, селқос қалған ешкім жоқ.

Аталмыш заңның қабылдануына түрткі болған себептің бірі – кибербуллингтің көбеюі. Буллинг – адамға психологиялық түрде шабуыл жасау, ар-намысына тиіп кемсіту, күш көрсетіп жәбірлеу. Кибербуллинг – буллингтің әлеуметтік желідегі түрі. Мессенджерлерде, онлайн ойындарда бұл қалыпты жағдайға айналған. Кибербуллингке тіпті ересек адамның да төтеп бере алмайтын кездері болатынын естіп-біліп жүрміз. Кейде біреу-міреудің пікіріне қарсы шықсаң, әлгі адамның жақтастары өзіңе жабыла кетпей ме? Жер-жебіріңе жетіп, сілікпеңді шығармай ма? Ондайда «қап, бекер бірдеңе дедім» деп бас сауғалап әрең қашып құтыласың. Сосын көпке дейін өз-өзіңе келе алмай жүресің. Біздің сипаттап отырғанымыз әшейін бер жағы ғана.

Ал сана-сезімі қатпаған бала қалай шыдасын? Мұны психологтардың өздері де растайды. Ұлттық денсаулық сақтау орталығының 2018 жылғы статистикасы бойынша, 11-15 жасар жасөспірімдердің 12 пайызы кем дегенде бір рет интернетте буллингке ұшырайды екен. Сондықтан депутат Айдос Сарымның айтуынша, заң жобасына енгізілген осыған қатысты түзету бала құқығын қорғау үшін керек. Оның үстіне біздің елімізде кибербуллинг дерегі анықталғанда, бірен-саран әлеуметтік желі болмаса, көбі ақпаратты теріске шығаруға немесе алып тастауға асықпайды. Сол үшін де әлеуметтік желі мен мессенджерлердің қызметін реттейтін нормалар мен ереже енгізілгелі отыр.

Ал салық төлеу жағына келсек, бұл жағынан да ұтатынымыз сөзсіз. Шетелде менменсіген миллионер де, атағы асқан әнші мен футболшы да, қарапайым адам да салықтан құтыла алмайды. Әр тапқан табысына салық төлеуі тиіс. Біздің елде мұндай жүйе жеткілікті деңгейде қолға алынбаған. Мәселен, әлеуметтік желіде жарнама жариялағаны үшін миллиондаған теңге алатын әншілер мен блогерлер мемлекет қазынасына көк тиын төлемейді. Ыстамбұл қаласының тұрғыны Ертолқын Гайнетуллах бізге мынадай мәлімет берді: «Түркияда тапқан табыстың 15-35 пайызына дейін салық төленеді. Қызметіне қарай салық мөлшері де ауысып отырады. Өнер адамдарының өздері де бөлінеді. Ол суретші ме, әнші ме, жеке табыс таба ма, компания арқылы табыс таба ма, соған қарай салық салынады. Егер әнші немесе актер компанияға тіркелмей, жеке жұмыс істесе, есебін беріп, 27-28% көлемінде салық төлейді».

Ендігі кезде әлеуметтік желі арқылы қалтасын қампайтып жүргендер салықтан қашып құтыла алмауы тиіс. Тек соны қадағалап, заңға бағынуды реттейтін тетіктерді жолға қою керек.

Сондай-ақ заң жобасында: «Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер Қазақстанда мемлекеттік тіркеуден өтіп, елімізде ресми өкілдіктерін ашып, ол өкілдіктерді Қазақстан азаматы басқаруы тиіс. Егер бұл талаптарға көнбесе, онда олардың қызметі бұғатталады. Ал бұғаттау соттың шешімімен емес, уәкілетті орган – министрліктің шешімімен жүзеге асады» делінген.

Демек әлемнің әр бұрышында қолданушысы бар Google, Instagram сынды алпауыттар Қазақстанда да заңды түрде тіркеліп, жыл сайын қомақты салық төлеуі тиіс.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ

Аптаның жанайқайы

«ҚАЗІР БӘРІН ДЕ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕГІ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ СІЛТЕЙДІ. БІРАҚ ОЛ ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ СҰРАНЫСТЫҢ КҮРТ АРТУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҒОЙ. АЛ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ МҮЛДЕ БАСҚА. СҰРАНЫС АРТҚАН ЖОҚ, СЕБЕБІ АЗАМАТТАРДЫҢ НАҚТЫ ТАБЫСЫ ДА ӨСКЕН ЖОҚ. ЖАРМА, КАРТОП, СҰЙЫҚ МАЙ МЕН ЖҰМЫРТҚАҒА КЕРЕМЕТТЕЙ СҰРАНЫС БАР ДЕЙ АЛМАЙМЫЗ. КӨП ӨНІМ БОЙЫНША ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ТӘУЕЛДІ ЕМЕСПІЗ. АЙТАЛЫҚ, ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЖАРМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ 96,4% ДЕСЕК, ОНЫҢ БАҒАСЫ 22%-ҒА ҚЫМБАТТАДЫ. СҰЙЫҚ МАЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – 80,5%, АЛ БАҒАСЫ 52%-ҒА КӨТЕРІЛДІ. БІЗДЕ ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ ҚАЛЫПТАСТЫ. БИЗНЕС АҚЫРҒЫ ӨНІМНІҢ БАҒАСЫН КӨТЕРУ АРҚЫЛЫ ӨЗ ШЫҒЫНЫН ӨТЕУДЕ»

Айқын ҚОҢЫРОВ,
Мәжіліс депутаты

Кесте

2022 ЖЫЛҒЫ ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ, ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ АЕК МӨЛШЕРІ

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ	60 000 теңге
ЕҢ ТӨМЕНГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ	46 302 теңге
БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІНІҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ МӨЛШЕРІ	19 450 теңге
АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ	3 063 теңге
ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ	36 018 теңге

Дереккөзі: «Ашық» НҚА порталы

Аптаның алаңы

Сәлімжан НАҚПАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Алыс аудандарда осындай кадр жетіспеуіне байланысты өздеріне келіп түскен науқастарды санитарлық-авиация шақыртып, облыс орталықтарына жіберу жиіледі. Мұның бәріне бюджеттен қаражат керек. Әрі бұл барлық облыстарға тән проблема. Жағдайдың бұлайша ушығуына грант бойынша оқыған медициналық жоғары оқу орындарының кейбір түлектерінің міндетті бөлу әдісіне бағынбай, өздері бөлінген болашақ жұмыс орындарына бармай қалулары да себептерін тигізуде. Сонымен қатар, медициналық жоғары оқу орындары үшін бөлінетін грант саны түсініксіз себептермен 2020 жылы азайып кеткен».

Оқыс оқиға

(Басы 1-бетте)

АҚБҰЛАҚТАҒЫ ҚАНТӨГІС

Сот шешімін жүзеге асырмаққа келген жеке сот орындаушы Мұрат Әбеновтің де ажалы Дужновтың қолынан келді. Ауласына бес адамның қаны сіңген даулы үйдің жаңа иесі атанып, банктен 2018 жылдың тамызында сатып алған Н.Тұрғанов мерт болды. Тұрғановтың танысы ретінде еріп келген бесінші адам да дәм-тұзы сол сәтте таусыларын ойламағаны анық.

Отбасы, ошақ қасына ғана белгілі Дужнов бұл күнде күллі елге белгілі. Кәсіпкер болған екен, қайырымдылық істерге де араласқан. Ауруханаларға қажетті жабдық алушы меценаттардың тізімінде де Дужновтың есім-сойы жүр екен.

Бір емес, екі бірдей жылжымайтын мүлікті кепілге қойып, 102 милллион теңге несие алған Анаида Демирчян мен Игорь Дужновтың тағы бір пәтері бар

екені анықталған. Банк алдындағы берешегін толық өтемегендіктен, «Ақбұлақ» ықшамауданындағы жер үй электронды сауда тәсілімен сатылып кеткен. Үш жыл бұрын сатып алған үйіне қоныстанамын деп келіп, мүрдем кеткен марқұмның да артында бала-шағасы қалды.

Оқырмандардың есінде болар, қайбір жылы сот орындаушылары мен полиция қызметкерлері бір үйге барады. Ғаламторда бейнежазбасы да жүр сол оқиғаның. Зәулім үйдің қамал қоршауындағы есікті үй иесінің келуін күтпестен рұқсатсыз ашып кіргені үшін қожайыны үйінен автомат алып шығып, тырағайлап қашқан әлгілерді қуады. Осы оқиға өзгеге сабақ болуы керек еді. Басқа емес, 2008 жылдан бері өз атына қару рәсімдеген адамды үйінен шығаруға бара жатқан бес адамның қамсыз болғаны қынжылтады. А.Демирчянның айтқанындай, оқ атылғанға дейін арада болған келіссөздің бейнежазбасы сақталса, біраз жайттың бетін ашылар еді. Тағы бір баса назар аударатын жайт, «Рембо» И.Дужновтың берешегі банктерге ғана емес, жекелеген адамдарға да жеткілікті екен.

КТК телеарнасының тілшісі әзірлеген сюжетте Игорь Дужновтың журналист Е.Винокурованың анасынан 10 жыл бұрын 35 мың еуро, одан сырт тағы бір танысынан 200 мың АҚШ доллары көлемінде қарыз алған айтылады. Кейін Е.Винокурова анасы берген ақшаны қайтаруды талап етіп И.Дужновты сотқа беріп жеңіп шыққан. Бірақ сонда да өндіре алмапты.

Қарызы басынан асып кеткен Игорь Дужнов екі жыл елде болмай бой тасалағанға ұқсайды. Қомақты сомадағы қарыздарын қайтарудан жалтарып, «қызмет аясынан тыс жерде» жүріп, елге оралған.

«Оған ауыр қылмыс жауласуға итермеледі, банктен, сот орындаушылардан қысым болды» деп ақтаушылар да арамыздан шықты. Қоғамды дүр сілкіндірген қанды оқиғаға қатысты депутаттар да үн қатып, пайыздық үстемесі тым жоғары банкке белшеден қарыз болып, берешегін өтей алмай жүргендердің мәселесі қордаланып қалғанын, бұл мәселені тез арада оңтайлы шешу керегін айтты.

Президент Қ.Тоқаев Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі кеңесте Алматыдағы қанды оқиғаға қатысты пікір білдіріп, «қандай болмасын, адам өлтіруді ақтауға болмайды. Өркениетті қоғамда осы тектес кез келген дау мен проблемалар тек құқықтық аланда шешілуге тиіс» деді. Адам қанын жүктеу ақыретте де ауыр күнә.

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Айыппұл

ЕРЕЖЕ 800 МЫҢ РЕТ БҰЗЫЛДЫ

Елордада орнатылған «Сергек» камералары 800 мыңнан астам ереже бұзу дерегін тіркеді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының басшысы Елжан Шәпеков мәлімдеді.

Оның айтуынша, қала бойынша 6 мыңнан астам «Сергек» камерасы орнатылыпты. Ол: «Апта сайын саптық бөлімшелер мен учаскелік инспекторлар «жаяу жүргінші» жедел-алдын алу шарасын жүргізеді. Әсіресе апат болу қаупі жоғары орындар бақылауда. Мәселен, жыл басынан бері 14 мыңнан астам жаяу жүргінші ереже бұзды. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен екі есеге артық. Барлық қабылданған шараларға қарамастан, жаяу жүргіншілердің тәртібіне қатысты мәселелер шешілмей келеді. Ереже бұзушылармен профилактикалық жұмыс, негізінен, тіркеу камераларының көмегімен жүргізіледі», – деді.

Басқарма басшысының айтуынша, жыл басынан бері 800 мыңнан астам ереже бұзу фактілерін тіркеліпті. Оның ішінде жылдамдық режимін бұзу – 406 мың, белгілердің талаптарын елемеу – 384 мың, бағдаршамның тыйым салатын сигналына өту бойынша – 914 оқиға анықталған.

Сонымен бірге спикер жаңа оқу жылы қарсаңында қалалық Полиция департаменті жалпы білім беретін және мектепке дейінгі оқу орындарына жақын көше-жол желісіне қосымша тексеру жүргізілгенін атап өтті. Бұл тексерумен 94 мектеп, 100 мектепке дейінгі мекеме және 11 қосымша білім беру мекемесі өтетін автожол учаскелері қамтылған.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Безбен

(Басы 1-бетте)

КЕСЕЛДІҢ КЕСІРІ

Жалпы, Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, бүгінде Қазақстан халқы жан басына шаққанда 11 литр таза спирт тұтынады екен. Осы көрсеткіш бойынша еліміз Орталық Азия өңірінде «ең ішкіш елге» айналғаны көңілге кірбің ұялатады. Бұл жағынан әлемде 34 орындамыз. Мысалы, Қырғызстан – 106, Түркменстан – 114 , Өзбекстан – 131, Тәжікстан – 134 орынды иемденіпті. Қытай – 95 орында.

Бұл – дабыл қағарлық меже. Ел болып, етек жинап, барлық үкіметтік мекемелер, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар, діни бірлестіктер, отбасы институты тарапынан бірлесіп, жүйелі жұмыс жоспарын құрып, нысаналы-мақсатты әрекетке көшпесе, істің насырға шабатын түрі бар. Сондықтан маскүнемдікке, нашақорлыққа және құмар ойындарына қарсы күрес бағдарламасын әзірлеу керек деп ойлаймыз. 2015 жылдан бері елімізде ондай бағдарлама жұмыс істемейді. Ғаламдық кеселдің кесірі халқымызға, ұлтымызға тимесін десек, спирттік ішімдіктерге, есірткіге, құмар ойындарына әуестілікті дәрігерлердің көзқарасымен «дерт» ретінде ғана бағалауды қайта қарайтын уақыт келді. Дәл қазіргі уақытта ондай науқастар үшін барлық жауапкершілік дәрігерлердің мойнында десе болады. Мұндай санаттағылар санаторийдегідей ем алып, курорттық жағдайда тұрып жатыр. Оның бар шығыны мемлекеттік бюджетке жүктелген. Ақылға сыйымсыз бұрынғы шешімдерді өзгертуге қоғам да қарсы емес. Әйтпесе, осындай орталықтарда «ортақ жауапкершілік» атты медициналық ұғым еленбей, ескерілмей қала бермек пе, әлде өздігінен жойылып кете ме? Мәселен, Қылмыстық кодексте мас күйінде қылмыс жасау – кінәні ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылады, яғни ішіп алып жол апатына ұшыраудың, адамды қағып кетудің арнайы жазасы бар. Сондай-ақ, Ата заңымызда белгіленгендей, елімізде мәжбүрлі еңбекке сот шешімімен ғана жол берілетіні белгілі. Алайда оңалту орталықтарында дене қозғалысы аз, қолы бос адам қалай емделмек? Жекелеген өркениетті елдерде жазасын өтеушілермен бірге жоғарыда көрсетілген дертпен ауыратындарға әлеуметтік еңбек терапиясы қолданылады. Сонымен бірге, оларды дуальды оқыту арқылы арнайы кәсіпке бейімдеу, қоғамға қажетті жұмысшы мамандықтарына, волонтерлық қызметке, экономиканың басқа да секторларына тартуға болар еді. Жалақысын тауып, нәпақасын өзіне, отбасына жұмсауына өздері де қарсы бола қоймас. Бұл бағытта тиімді жұмыс ұйымдастыру үшін жергілікті атқарушы органдар мен денсаулық сақтау орындарының құзыретін кеңейтудің жөні бар деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде айтарымыз, данышпан Абайдың өзі күйініп, жазып кеткен:

Бір күшті көп тентекті
жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып,
шыға алмай жүр,
Арақ ішкен, мас болған
жұрттың бәрі,
Не пайда, не залалды
біле алмай жүр

деген ахуал жалпақшешейлікті көтермейді. Бұл – қоғам санасын өзгертпейтін, бәсекеге қабілеттілікті шідерлейтін, тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына балта шабатын дерт. Масылдықтың нақ өзі.

Оны тоқтатуға қатаң заң талабы, берік дәстүр жүйесі, айқын мемлекеттік тетік қажет.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшесі

Ер есімі – ел есінде

ЖАСЫН ҒҰМЫР

Қазақстандық шекарашылардың тәжік-ауған шекарасын тастап шыққандарына биыл тұп-тура 20 жыл толды. Иә, уақыт та сарқырап аққан өзен секілді. Өзінің долы мінезіне салып, жолындағысын қақпақылға салып ала жөнеледі. Осыдан 20 жыл бұрын жат елдің шекарасында болған шекарашы сарбаздар бүгінде 40-тың қамалын бұзып үлгерді. Сол кезде небәрі 19 жаста болған шекарашы Раджан Батырханов ше?

Батыр шекарашы туралы осыған дейін аз жазылған жоқ. Тіпті алдағы уақытта ол жайында деректі фильм түсірілуі де ғажап емес. Өйткені «Халық қаһарманы» атануға лайық ерлік жасап, ер мінезді қазақ халқының ұрпағы екенін танытқан Раджанға қандай құрмет-қошемет көрсетсек те жарасады.

Раджан Батырханов әскер қатарына алынып, шекарашы атанғанға дейін мектепте жақсы оқыды. Жастайынан сурет салуға және кітап оқуға құмартты. Ауыл балаларының арасында арагідік болып жататын төбелестен бойын аулақ салатын. Бірақ досын ғана емес, кез келген адамды қиындықтан құтқаруға дайын тұратын.

Ол шекаралық аймақта туғандықтан да, өзін шекарашылардың қатарынан көргісі келді. Мектеп бітірген соң шекарашылардың әскери оқу орнын таңдайды. Бірақ тағдырдың бұйрығы солай болды ма, араға келіп киліккен келеңсіз оқиға Раджанның Алматыға кешігіп келуіне әкеліп соғады. Бұл кезде қазіргі Шекара академиясына құжат қабылдау мерзімі аяқталып қойған. Келесі жылдың көктемінде әскерге қатарына шақырылған ол шекарашылар сапына қабылданады.

Айтпақшы, біраз жыл бұрын бір офицермен кең отырып сұхбаттасқаным бар. Ол өзінің ел шебіндегі саналы ғұмырын 1994 жылдың көктемінде бастаған аға буын сардар болатын. Тағы бір қызығы, Өскемендегі жоғары оқу орнын бітірген соң өзінің мамандығына сай, Шекара қызметіне алынған офицер Күршім шекара отрядының ауласына кіре салып, осы жерден тәжік-ауған шекарасына іріктелген взводтың командирі болып тағайындалады. Сосын өзінің қарамағына бекітілген сарбаздарды жат елдің аумағындағы «қатерлі нүктеге» дайындауға кірісіп кетеді.

Сол естелігінде: «Өзім дайындаған сарбаздардың арасында Раджан Батырханов та бар еді. Ол өзінің азаматтық борышын Күршім шекара отрядының «Шындығатай» шекара заставасында өтеп жүрген. Тәжік-ауған шекарасына аттанған взводтың құрамында Раджан жоқ еді. Себебі... Тағы да сол тағдырдың бұйрығы болар, ол белгілі себеппен кейінге қалдырылады.

Ал менің жадымда Раджан – түр-сымбаты келіскен, жігерлі жігіт ретінде сақталып қалды. Менің қателеспегенімді бізден кейін жасақталған взводтың құрамында болған кезінде өзінің ерлігімен дәлелдеді. Өкінішке қарай, бұл – Раджанның бірінші әрі соңғы ерлігі болатын» деп еді.

...Сол күні Хаким бандасының қаруланған 200 баскесері Висхарв шатқалындағы 5 және 6-шы шекара заставаларының түйіскен аумағына басып кірмек болды. «Ұрысқа!» пәрменімен көтерілген шекара заставасының бастығы колоннаны тоқтатуға өзінің орынбасары, лейтенант Владимир Селюкті жіберді. Алайда олар офицердің өзіне тап беріп, кепілдікке алды. Сөйтіп колоннаның одан әрі кедергісіз жүруін талап етті.

Шекара заставасының бастығы офицерін құтқарып, қыстақтағы (*шекара заставасы қыстақтың шет жағында орналасқан*) кінәсіз адамдардың өліміне жол бермес үшін қарсы тараптың талабына келісті. Сол үшін қарсы жақ лейтенантты босатты.



Лейтенант Селюк бастаған шекарашылар тобы ізге түсті. Оның құрамында Раджан бастаған шекарашылар да болатын. Қарсыластар «Висхарв» шекара бекетінен ұзап кете алған жоқ еді.

Қасында кіші сержант Р.Батырханов, лейтенант В.Селюк содырларға қаруларын тастап, берілуді талап етті. Бұл кезде шекара бұзбақ болғандарды қалған шекарашылар нысанаға алып тұр еді. Бірақ ана мұны ойлағысы да келмеді. Атыс басталып кетті.

Хакимнің бандыларымен ең алдымен қатардағы жауынгер Большаков пен сержант Ахметов бетпе-бет кездесті. Табиғатынан күшті Большаков бірден қолма-қол ұрысқа кіріскен бойы қарсыласының есін жинауға мүмкіндік бермей, содырдың қолындағы автоматын жұлып алды, ал ол қорыққанынан қаша жөнелді. Ал ойнақы әрі епті Ахметов бір моджахедті дәл көздеп тұрып атып түсірді де, шепті басып алды. Көп ұзамай, төбеге Федоровтың тобындағы қалған жауынгерлер келіп үлгерді де, Джуманың бандылары шепті тастап, қашып кетті. Алексей Федоров содырлар мінген көліктердің бірі (*кейіннен белгілі болғандай, мұнда Хаким болған*) көпірден өте салып, жылдамдығын арттырған күйі көзден таса болғанын, ал оның артынан қалғандары көпірге шыққанын көрді.

Бұл кезде төменде кіші сержант Батырханов бетон жол қоршауының артында қарсыластарға қарата оқ жаудырып жатқан болатын. Ол бір топ содырдың біздің шекарашылар бекінген төбені айналып өтіп, тыл жағынан кіруге бет алғанын байқады. Сол-ақ екен, өзінің автоматынан оқ жаудырған Раджан бірден бес содырды жер жастандыру арқылы жаудың жолын бөгеп тастады. Ашуға булыққан содырлар енді қарудың барлық түрінен Раджанның жатқан жерін төмпештеуге кірісті. Осы кезде шекарашы аяғынан жараланып, көп қан жоғалтты.

Осы қақтығысқа қатысқандардың айтуынша, дәл осы кіші сержант Батырханов шайқастың барысына ықпал етіпті. Ол болмаса, біздің тараптың жеңіске жетуі неғайбыл еді. Лейтенант Селюктің тобы қарақшылардың қос қапталдан жасаған шабуылына тойтарыс бере алмас еді. 20-25 минуттан кейін жеткен резервтің өзі тұзаққа түспесіне ешкім кепілдік бере алмайды.

Бүгінде батыр шекарашы білім алған ауылдағы жалпы білім мектебі Раджан Батырхановтың есімімен аталады. Оның есімі Қатонқарағайдың көшесіне берілген. Раджан Батырхановтың есімін еншілеген шекара бөлімшесінде де жасыл күңқағарлы шекарашы болуды мәртебе санайтын шекарашылар қызмет атқарады.

Осыдан кейін шекарашы Р.Батырханов Тәуелсіз Қазақстанның батырлары қатарынан ойып тұрып орын алуына әбден хақ дер едік.

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
ҰҚК Шекара қызметінің
запастағы подполковнигі

Орайы келген әңгіме

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ. СУТЕГІНІҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СЫРЫ КӨП

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Құрметті Алик Серікұлы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған биылғы Жолдауында көмірдің заманы келмеске кетіп бара жатқанын, сондықтан да эмоцияға берілмей, ақылға салып, елімізде атом электр стансасын (*АЭС*) салуды жан-жақты қарастыруды табыстады. Бұл жоба бұған дейін де айтылып, қоғамда әр түрлі пікірталас туғызып жүргені белгілі. Енді осы мәселені қайта көтеруге қандай не себеп болып отырғаны туралы әңгімені сіздің пікіріңізбен бастасақ.

Алик АЙДАРБАЕВ: Бұл мәселе техникалық тұрғыдан аса күрделі әрі қымбат жобалардың бірі болғандықтан, жан-жақты талқылауды қажет ететіні айтпаса да түсінікті. Мемлекет басшысы осы жоба туралы айта келе, көмір дәуірінің аяқталып келе жатқанын және дүние жүзінде энергия көздерін пайдаланудың жаңа үрдісі басталғанын қаперге салды. Демек бұл тапсырманың астарында қоғамды жаңа жағдайға бейімдеуге бағытталған үлкен қажеттілік тұрғанын байқауға болады. Енді осы қажеттіліктердің кейбіріне тоқтала кеткен жөн секілді.

Біріншіден, әлем халқын алаңдатып отырған ең күрделі мәселенің бірі – жер шарындағы климаттың өзгеруі. Мұндай өзгеріс біздің елімізде де орын алғанын байқадық. Мәселен, биыл еліміздің біраз аймақтарында қуаңшылық болып, бұл құбылыс халықтың тіршілігіне айтарлықтай кесірін тигізуде. Еуропаның көптеген елдерінде бұрын-соңды болмаған күннің ысуы орын алып, мыңдаған гектар орман алқабын өрт шалып, халық әбігерге түсіп жатқанын да көріп отырмыз. Оңтүстік Азия, АҚШ және Еуропаның көптеген елдерін топан су басып, сол елдердің экономикасына орасан зор зиян келіп жатқанына да куә болудамыз. Африка құрлығы мен араб елдеріне қар жауып, олардың тұрмысында да қиындықтар туып жатыр.

Аталған табиғи құбылыс соңғы жылдары жиі-жиі қайталанып, жер бетінде климаттың күрт өзгеріп бара жатқанының нақты дәлеліне айналуда. Дүние жүзінің жетекші мамандары бұл проблеманы соңғы 30 жылда мұқият әрі жан-жақты зерттеп, арнайы баяндамалар жасап жүр. Олардың ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен жұмыс жасап келе жатқан халықаралық ғалымдардың арнайы тобының нәтижесін ерекше айтқан жөн. Осы халықаралық топтың 2014 жылы 6 баяндамасы жарияланып, онда жер бетіндегі температураның тез көтеріліп, соның салдарынан климаттың өзгеріп жатқаны және аталған келеңсіз жағдайлардың жер бетінде орын алып отырғанына адамзаттың жауапсыз тіршілігі себеп болып отырғаны ғылыми тұрғыдан нақтыланды.

Егер аталған үрдістерді тежеу үшін бүкіл әлем бірігіп күреспесе, ал жер бетіндегі температура 2100 жылға дейін тағы бір градусқа көтерілсе, онда біздің планетамыздың көп аймақтарында адамзаттың өмір сүруіне үлкен қауіп төніп, болашақтың бұлыңғыр болатыны ғылыми түрде дәлелденді. Міне, осы зерттеудің нәтижесі бойынша 2015 жылы Париж қаласында дүние жүзінің 197 елінің басшылары қатысқан үлкен жиын болып, Париж келісіміне қол қойылды. Бұл келісімнің негізгі талаптары бірнеше баптан тұрады. Ең бастысы, барлық елдер жұмылып, жер бетіндегі температураның көтерілуін 1850 жылмен салыстырғанда 2100 жылға дейін 1,5 градустан асырмауға атсалысуы тиіс.

Оған қол жеткізу үшін бірінші кезекте бүкіл әлем көмір пайдалануды, одан кейінгі кезеңде мұнай мен газ ресурстарын қолдануды күрт азайтуы керек. Сондай-ақ энергияның жаңартылатын түрлерін кеңінен пайдалануға жол ашып, энергияның барлық көздерін тиімді пайдалануды өмірдің тәртібіне айналдыруға міндетті. Ауадан көмірқышқыл газдарын сүзіп алатын технологиялар мен басқа да шараларды кеңінен пайдалануға көшу де маңызды міндет ретінде аталған. Осы тұрғыда жер бетін барынша жасыл желекке бөлеу де ерекше маңызы бар екені ескерілген.

Осы жиыннан соң әлемнің жетекші мемлекеттері қысқа мерзімнің ішінде арнайы Стратегияларын қабылдап, 2050 жылдан бастап көмірсутегі ресурстарына (*көмір, мұнай, газ*) бейтарап болатындықтарын немесе сол кезеңнен бастап аталған ресурстарды тіршілікте пайдаланудан бас тартатындықтарын жариялады. Өйткені климаттың өзгеруіне кен отындарын тіршілікте мейлінше көп пайдалану себеп болып отырғаны белгілі.

Бұл жиынға Қазақстан да қатысып, Париж келісімін қолдағаны белгілі. Осы келісімнен шығатын міндеттерді нақтылай келе, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан экономикасының 2060 жылы көмірсутегі ресурстарына бейтарап болатынын жариялады. Демек, біздің еліміз де әлемнің басқа мемлекеттері секілді, бірте-бірте көмірсутегі ресурстарын тіршілікте пайдалануды азайта отырып, 2060 жылдан бастап олардан мүлдем бас тартуы қажет. Бұл, әрине, тек біздің еліміз үшін ғана емес, бүкіл дүние жүзіне оңай шаруа болайын деп отырған жоқ. Себебі, қазіргі таңда әлем экономикасы жылына 7,5 миллиард тонна көмір, 4,5 миллиард тонна мұнай, 4 триллион текше метрден астам газ пайдаланып отыр. Бірақ адамзаттың басқа амалы жоқ.

Президент Қ.Тоқаевтың «көмір дәуірі келмеске кетіп барады» деген пікірінің астарында 2015 жылы Парижде қабылданған келісімге байланысты жер бетіндегі тіршілікті сақтау үшін әлем елдерінің, солардың ішінде Қазақстанның алдында да көмір пайдаланудан біртіндеп бас тарту міндеті тұрғанын байқау қиын емес.

Екіншіден, ТМД аумағындағы мемлекеттер арасында ауаны ластау жағынан Қазақстан алдыңғы қатарда тұр. Біз электр қуатының 68 пайызын көмірді пайдалану арқылы алып отырмыз. Соңғы жылдары бұл салада газдың үлесін 20 пайызға дейін, жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 3 пайызға дейін өсірдік. Әрине, бұл – жақсы үрдіс. Ал Ресей электр энергиясының 50 пайызға жуығын атом электр стансасы мен су электр стансасынан алады, газды 23-24 пайызында пайдаланады. Демек Ресей электр қуатының 70 пайыздан астамын энергияның таза көздерінен алып отыр. Көршілес Өзбекстан да энергия өндіруде 80 пайызын газ және басқа таза энергия көздерін қолданады. Соңғы жылдары бұл елде экономиканың қарқынды өсуіне байланысты энергия тапшылығы байқалып отыр. Осы мәселені түбегейлі шешу үшін Өзбекстан мемлекеті атом стансасын салуды қолға алды. Ал Қырғызстан энергияның басым бөлігін су ресурстарынан алатыны мәлім.



Қазақстан экономикасы жылына 400 миллион тоннадан астам көмірқышқыл газын ауаға шығарып жатыр, оның басым бөлігі электр энергиясын өндіру мен халықты жылумен қамтамасыз ететін салаларға тиесілі. Біздің елімізде халық санының өсіп, экономиканың қарқынды дамуы да парник эффектісіне себеп болатын көмірқышқыл газының көлемін ауаға шығаруды жыл сайын өсіруге себеп болуда. Соның салдарынан біздің елімізде де дүние жүзіндегі секілді климаттың өзгеруі үздіксіз жүріп жатыр.

Мысалы, соңғы 100 жылда жер бетінің температурасы 1 градусқа жуық көтеріліп, әлемді әлекке салып жатса, ал көп жылғы зерттеулердің нәтижесі бойынша Қазақстанда әр 10 жылда температура 0,28 градусқа немесе 35 жылда 1 градусқа көтерілуде. Соның салдарынан өзен-көлдерде су тартылып, көп жеріміз шөлейтке айналып барады. Егер біз еліміздегі экологиялық жағдайды түзеуге бет бұрмасақ, онда 2100 жылға дейін елімізде температура 3 градусқа дейін көтерілуі мүмкін деген болжам бар. Бұл жағдай ел экономикасы мен халықтың тұрмысына орасан зор зиян тигізері айтпаса да түсінікті. Сондықтан климаттың өзгеруін қатаң бақылап, жағдайды реттейтін тиісті шараларды жылдамырақ іске асырған жөн.

Егер біз көмірден және көмірсутегі ресурстарынан бірте-бірте бас тартатын болсақ, онда олардың орнын қандай энергияның көзімен толықтырамыз деген сұрақ туындайды. Осы тұрғыда бірінші кезекте энергияның жаңартылатын көздеріне көшкен орынды көрінетіні айқын. Алайда күн сәулесі мен желден алатын энергия көздері тұрақсыз болатынын ескерсек, олардың жуық арада энергияның негізгі көзіне айналуы өте қиын.

Сондықтан энергияның басқа да тұрақты көздерін қарастырған жөн. Осы айтылған жағдайларды ой елегінен өткізе келе, болашақта атом энергиясын пайдаланған да орынды болатынын естен шығармау керек. Меніңше, Мемлекет басшысының айтқан тапсырмасының төркінінде осы аталған проблемалар тұр. Сондықтан бұл тапсырманың шешімін алдағы кезеңде энергияның жаңа әрі экологияға зияны жоқ көздеріне көшудің өмірлік қажеттілік болатынын ескере отырып, жан-жақты талқылап барып, ақылмен шешкен жөн.

Jas qazaq: Биылғы аптап ыстық пен қуаңшылықты осы мәселемен байланыстыруға болады ғой?

Алик АЙДАРБАЕВ: Әрине, Қазақстандағы климаттың жылдам өзгеріп жатқаны температураның көтерілуімен тығыз байланысты. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары соңғы 10-15 жылда климаттың күрт өзгеріп, бұрынғыдай аяздың болмайтынын жиі айтатын болды. Биыл мамыр айының ортасында астана аймағында күннің қызуы 36-38 градусқа дейін, ал топырақтың температурасы 70-80 градусқа дейін көтерілгенін байқадық.

Соның салдарынан жер тез құрғап, егіннің шығуына кесірін тигізді. Оның үстіне, көктемде жаңбыр да сирек жауғандықтан, егіннің шығуы нашар болды. Енді алдағы кезеңде климаттың өзгеруіне байланысты биылғыдай қуаңшылық жиі қайталануы ықтимал. Ал жаңа жағдайға бейімделу қосымша ауқымды қаражатты қажет етері түсінікті. Себебі халық пен шаруашылықты сумен қамтамасыз ету біраз өңірде өзекті проблемаға айналып, нәтижесінде ішкі миграция да ұлғаюы мүмкін.

Сонымен бірге, астықтың шөлге төзімді жаңа сұрыпын шығару секілді мәселелер көптеп туындай бастауы мүмкін. Сондықтан экономикамыздың даму үрдісін таза экологиялық жолға қоймасақ, тіршілік етудің өзі қиындай берері анық. Мемлекет басшысы сан қатпарлы мәселеге қатысты тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін осылай қысқа да нұсқа күйінде жеткізіп отыр.

Jas qazaq: Жолдауда көмірмен жұмыс істейтін Алматыдағы жылу электр стансасын газға ауыстыру жөнінде де айтылды. Бұл тұрғындар мен көшедегі көлік барған сайын көбейіп келе жатқан қаланы экологиялық таза отынмен қамтамасыз ету көкейкесті міндетке айналғанын көрсетпей ме?

Алик АЙДАРБАЕВ: Алматы – еліміздегі халық ең тығыз орналасқан қала. Ол – бүкіл халқымыз үшін қымбат шаһар. Алматыдағы жылу стансаларының бәрі бұрын көмірмен жұмыс істеген, ал соңғы жылдары оларды біртіндеп газға ауыстыру басталды. Дегенмен әлі де бірнеше жылу орталығын газға ауыстыру күн тәртібінде тұр. Ол электр стансаларын газға ауыстырмай, Алматының экологиясын түзеу мүмкін емес. Қаладағы автокөліктің көбеюі де ауаның ластануына үлесін қосып жатыр. Берілген тапсырма шеңберінде Алматының жылу электр стансаларын газға ауыстыру мәселесі де – дер кезінде көтеріліп отырған орынды шаруа. Бұл мәселені ұтымды шешуге елімізде қазір толық мүмкіндік бар.

Экологиялық ахуалды дұрыстап, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін Қазақстан аймақтарын газдандырумен айналысып жатырмыз. Бұл соңғы жылдары қарқынды жүруде. Халықтың 10 миллионға жуығы қазір осы «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. Нұр-Сұлтан қаласына «Сарыарқа» газ құбыры тартылып, соңғы екі жылда тұрғындарды газбен қамтамасыз ету бағытында көп жұмыс атқарылды. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табады. Биыл қосымша 140-150 мың адам газбен қамтылады деп жоспарлап отырмыз. Бұл істің де еліміздің экологиялық жағдайының жақсаруына тигізер әсері мол болады.

Jas qazaq: Көмір демекші, соңғы жылдары климаттық өзгерістерге орай, ауаны көбірек ластайтын қуат көздерінен бас тартып, жасыл энергияға, карбонсыздану процесіне (*декарбонизация*) көшу жөнінде көп айтылып жүр. 2020 жылы «ҚазМұнайГаз» компаниясы алғаш рет көмірқышқыл газын азайтатын өндірістік жоспары туралы сөз қозғай бастады. Бұған қандай себептер ықпал етіп отыр?

Алик АЙДАРБАЕВ: Соңғы жылдары әлемнің алпауыт мұнайгаз компаниялары климаттың өзгеруін шектеуге бағытталған Стратегияларын қабылдап, энергияның балама немесе жаңартылатын көздерін пайдалану жолдарын дамытуға айрықша көңіл бөліп жатыр. Қазір олар өздерінің жалпы инвестицияларының 5 пайызға жуығын жыл сайын осы бағытқа жұмсауды дәстүрге айналдырды.

Бұлардың арасында ерекше белсенділік танытып отырған Total, Shell, ExxonMobil, British Gas, Eni, PetroChina сияқты т.б. алпауыттар бар. Олардың алға қойып отырған міндеттері айқын. Айталық, Eni 2050 жылға дейін көмірқышқыл газы мен метанның ауаны ластауын 80 пайызға қысқартуды көздеп отыр. Chevron компаниясы 2050 жылға дейін көмірқышқыл газын 40 пайызға, ал метанның таралуын 53 пайызға дейін қысқартпақшы. Міне, осындай міндеттерді барлық мұнайгаз компаниялары қабылдап жатыр.

«ҚазМұнайГаз» – Қазақстандағы ең ірі ұлттық компания ғана емес, қазіргі таңда әлем нарығында өзінің орнықты орны бар және әлгі аталған дүниежүзінің бетке ұстар мұнайгаз компанияларының барлығымен серіктес, солармен бірге елімізде аса ірі жобаларды іске асырып келе жатқан компания. Сондықтан біздің ұлттық компания мұндай жаңа үдерістен тыс қала алмайды.

Оның үстіне, Президентіміз 2060 жылға қарай еліміз көміртегіге бейтарап мемлекет болатынын жария еткелі бері, біз бұл мәселені жіті зерттеп, осы маңызды шаруаны іске асыруда «ҚазМұнайГаз» компаниясы қандай бағыттарда жұмыс атқаратынын нақтылап, ортақ шаруаға қосатын өз үлесін жан-жақты пысықтап жатырмыз. Жалпы жұмыс бірнеше бағытта жүргізілуде.

Олар қазір нақтыланып, жыл соңына дейін дайын болатын біздің алдағы 10 жылға арналған Стратегиялық бағдарламаға енетін болады. Атқарылатын кейбір шараларды атап айтатын болсақ, онда біз өз өндірісімізде бірінші кезекте энергия көздерін тиімді пайдаланып, ауаны ластайтын газдарды ұстап қалуды кең көлемде жолға қоймақшымыз.

Одан бөлек, отандық мұнай-химия өндірісінде сутегі кеңінен пайдаланылады, сондықтан отынның ең таза деп отырған балама түрімен жұмыс істеуде біздің саланың қызметкерлерінің біраз тәжірибесі бар. Сондықтан осы жағдайды ескере отырып, отынның балама көзін өндіру мен пайдалануда да өзгелерге үлгі болатын ауқымды жобаларды іске асырсақ деген ойымыз бар.

Бұл бағытта жуық арада пилоттық үлгіде бірнеше жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Ол жобалар туралы уақыты келгенде бөлек әңгіме қозғармыз. Осы тұрғыда реті келгенде айта кететін тағы бір үлкен мәселе бар. Ол – алдағы 5 жылда елімізде 2 миллиард түп тал егіп, еліміздің біраз аймағын жасыл желекке бөлеу туралы Мемлекет басшысының үндеуін қолдау шеңберінде атқарылатын шаралар. Тал егіп, елді жасыл желекке бөлеу біздің компанияның аталған стратегиясында ерекше орынға ие болып, қаржымен қамтамасыз етілетін болады.

Ғалымдардың тұжырымдамасына сәйкес, егілген әр тал 40 жылда 4 тоннаға жуық көмірқышқыл газын бойына сіңіріп алады екен. Тал отырғызу біздің компанияның бұл бағыттағы ісін жақсартуға үлесін қосатыны сөзсіз. Сондықтан бұл шаруа компанияда стратегиялық басымдылыққа ие болып отыр.

Jas qazaq: Қазақ мұнайының елеулі бөлігі Еуропаға жеткізілетіні белгілі. Сол кәрі құрлықта екі жыл бұрын Green Pact for Europe (*Еуропаның Жасыл Пакты*) атты құжат қабылданды. 2050 жылға қарай Еуроодақ елдерінде ауаға лас қалдықты мүлде таратпауды көздейтін осы Жасыл пакт Трансшекаралық көміртегіні реттеу (*Carbon Border Adjusment Mechanizm*) механизмін енгізуді көздейді. Былайша айтқанда, осы реттеу механизмі іске асқан кезеңнен бастап, Еуропаға әкелінетін барлық заттарға, солардың арасында мұнай мен газға қосымша салық салынғалы тұр. Бұл Ұлттық компаниямыздың болашақ қызметіне қалай әсер етуі мүмкін?

Алик АЙДАРБАЕВ: Сіз айтып отырған құжатты Еуропа Одағы 2019 жылы қабылдады. Артынша сол құжатқа сүйене отырып, Еуропа елдері 2050 жылы қазба отын көздеріне бейтарап болатынын нақтылайтын арнайы Стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта экономиканың қандай саласы қашан көмірсутегі ресурстарын пайдаланудан бас тартатыны нақты көрсетіліп отыр. Құжатта энергияға деген сұраныстың басым бөлігін сутегіні пайдалану арқылы қол жеткізу көзделіп отыр. Өйткені ол – отынның бүгінгі күні ең таза түрі.

Сутегі мен жаңартылар энергия көздерін жаппай пайдаланып, көмірсутегі ресурстарынан бірте-бірте бас тарту қажеттігін барлық дамыған мемлекеттер қолдап отыр. Бүгінгі күні жылына 40 миллиард тоннадан астам зиянды газ ауаға тарап жатса, онда олардың 80 пайызы жетекші мемлекеттердің үлесінде.

(Жалғасы 5-бетте)

Орайы келген әңгіме

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ. СУТЕГІНІҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СЫРЫ КӨП

(Соңы. Басы 4-бетте)

Мысалы, оның 13 миллиард тоннаға жуығы Қытайдың, 5 миллиард тоннадан астамы АҚШ-тың, 1 миллиард тоннадан астамы Еуроодақтың үлесінде. Отынның таза түріне көшуді жетекші мемлекеттердің қолдауы климаттың өзгеруімен күресуде оң өзгерістер басталатынына деген адамзаттың сенімін күшейтіп отыр.

Әрине, отынның дәстүрлі түрлерінен бас тартып, оның жаңартылар немесе таза балама көздеріне көшу өте қиын болатынын жоғарыда айттық. Бұл – бүгінгі күні қымбат болып отырған озық технологияларға сүйене отырып, қол жеткізуге болатын шаруа. Жаңа технологиялар жетекші мемлекеттердің еншісінде екені бәрімізге анық. Сондықтан ол мемлекеттер экономикасы тұрақтап қалған немесе енді көтеріліп келе жатқан күні кездесетін көптеген техникалық қиындықтар бар. Ол проблемалардың барлығының техникалық шешімдері бар. Бірақ олар әзірше қымбат. Сондықтан ол қиындықтарды шешу үшін жетекші мемлекеттер үлкен қаражат бөліп, бүкіл дүние жүзінің озық ойлы азаматтарын осы саланың проблемаларын шешуге жұмылдыруда. Соның арқасында күн санап сутегіні тіршілікте пайдаланудың жаңа тиімді жолдары табылып жатыр.

Сутегі – Менделеев таблицасында бірінші орында тұрған молекуласы ең кішкентай әрі ең жеңіл газ. Мысалы, оның салмағы ауамен салыстырғанда 16 есе жеңіл. Сутегінің молекуласы өте кішкентай болғандықтан, ол көптеген материалдан жасалған ыдыстан (*металл, шыны, пластик т.б.*) өтіп кете алады. Сондықтан оны сақтау үшін арнайы аса қымбат заттардан жасалған ыдыс қажет. Бұл жағдай сутегіні сақтап, тасымалдауда едәуір қиындықтар тудырып отыр.

Қазақстан секілді мемлекеттерді озық технологияларды кең ауқымда пайдалануға мәжбүрлейтіні айтпаса да түсінікті.

Ол үшін бірнеше реттеуші механизмдерді практикаға ендіреді. Сондай механизмдердің бірі – сіз айтып отырған трансшекаралық көміртегі реттеу механизмі. Сол механизмге сәйкес, Еуроодаққа экспорт жасайтын кез келген мемлекет өз өнімінің экологиялық тұрғыдан таза екенін дәлелдеуі тиіс. Ал егер импортталатын затты өндіру Еуропада орналасқан өндіріспен салыстырғанда лас екені анықталатын болса, онда ондай өнімдерге қосымша салық салынып, бірте-бірте ондай заттардың Еуроодаққа келуіне тосқауыл қойылатын болады. Бұл, әрине, біздің экспорттаушы кәсіпорындарға оңай соқпайды. Сондықтан көптеген бизнес субъектілерін алаңдатып отыр.

Аталған реттеу механизмі 2023 жылдың басынан күшіне енеді деп жоспарланды. Алғашқы кезеңде бұл реттеу механизмі металл, алюминий, цемент, химия және тыңайтқыш заттарына қатысты болмақшы. Алдағы бес жылда мұнай өнімдерін реттеуде бұл механизм қолданбайтын болды, ал болашақта олардың да бұл тізімге кірері сөзсіз. Еліміздің мұнай өндірісі бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу үшін осы бастан дайындалғаны жөн.

Тағы бір орайы келгенде айта кететін жағдай, жетекші мемлекеттердің арнайы қор құрып, экономикасы тұрақтап қалған елдермен озық технологиямен бөлісуді жоспарлап отырғаны. Бұл қордан қаражат алу үшін еліміздің бизнес өкілдері өз тараптарынан өндірісті жаңартуда белсенділік танытулары тиіс. Міне, осы секілді механизмдердің көмегімен жетекші мемлекеттер кен отын көздерін пайдалануды шектеп, дүние жүзі экономикасының жасылдануына ықпал жасамақшы.

Jas qazaq: Соңғы кездері ең тиімді әрі экологиялық жағынан таза энергия көзі ретінде сутегіні пайдалануды ұсынып жатыр. Осы саланың білікті маманы ретінде оқырмандарымызға сутегінің ерекшелігі мен дәстүрлі отын көздерін алмастыра алатын мүмкіндігі жөнінде айтып берсеңіз.

Алик АЙДАРБАЕВ: Бүгінде адамзаттың алдында тұрған бірнеше өзекті мәселе бар екенін жоғарыда бірсыпыра әңгіме еттік. Енді экология проблемасы мен климаттың өзгеруін былай қойғанның өзінде, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір күні кен отын көздері бітетіні анық. Қазір пайдаланып отырған отын көздері таусылса, адамзат не істеуі керек?

Біз бұған дейін кен отындарын пайдалану адамзаттың өміріне зиян, жер бетіндегі тіршілікке қауіп төндіріп отырғанын әңгіме еттік. Сол айтылған әңгімеден адамзаттың жер бетінде тұрақты тіршілік етуі үшін энергияның таза әрі шексіз көзі қажет екені туындайды. Қазіргі технологиялардың даму деңгейіне сәйкес энергияның шексіз көзі сутегі болып тұр. Себебі ол жер бетінде ең көп таралған зат. Сутегіні судан да, көмірден де, мұнайдан да, газдан да алуға болады.

Жер бетінің үштен екі бөлігі судан тұратынын ескерсек, онда сутегінің шексіз екенін түсінеміз. Сосын, оны қазіргі технологиялардың көмегімен пайдаланған уақытта еш зиянды зат бөлінбейді, тек таза су ғана шығады. Сондықтан сутегі энергияның ең таза көзі болып есептеледі. Дегенмен, сутегіні өндіруде де, сақтауда да, тасымалдауда да, пайдалануда да бүгінгі күнде сутегіні алудың да әр түрлі жолы бар. Бүгінде дүниеде пайдаланып отырған сутегінің 85 пайызын табиғи газдан алып отыр. Қазіргі кезеңде сутегінің басым бөлігі мұнай өнімдерін тазартуда, содан соң аммиак, азот тыңайтқыштарын алуда қолданылып келеді. Сутегіні тасымалдау қиын әрі қымбат болғандықтан, осы уақытқа дейін ол өндіріске қажет болған жағдайда, оны өндіріс орнының басында шығарып, сол жерде пайдалану дәстүрге айналған.

Энергия алу үшін сутегіні пайдаланған тиімді, себебі сутегінің бойындағы химиялық энергияны бірден электр қуатына айналдыратын арнайы қондырымдар бар. Оны отын элементі деп атайды. Отын элементін пайдаланып жылу, электр қуатын үлкен тиімділікпен алуға болады. Осындай технологиялық жетістіктердің арқасында сутегі болашақта энергияның негізгі көзіне айналғалы отыр.

Бүгінде одан бөлек отын элементтерін пайдалана отырып, табиғи газдан немесе балама отын көздерінен де электр қуатын алуға болатын технологияға қол жетті. Демек, болашақта адамзат бірте-бірте отын жағып, ауаны ластаудан мүлдем бас тартып, кез келген отынның химиялық энергиясын бірден электр қуатына айналдыруға көшері анық. Бұл жетістік энергия көзінің алмасуына үлкен септігін тигізіп отырған ең басты жаңалықтардың бірі екені даусыз.

Қазір отын элементтерін пайдалану кең жолға қойылып келеді. Мысалы, 2014 жылдан бері «Toyota» компаниясы сутегімен жүретін «Toyota Mirai» атты автомобиль шығаруда. Бүгінде оның екінші толқыны шығып жатыр. Оның бағасы небәрі 6 килограмм сияды және ол 500 шақырым жүруге жетеді. Қазір дүние жүзінің көптеген автогиганттары сутегімен не аккумулятормен жүретін электромобильдер шығаруға бет бұрды. Соның нәтижесінде 2030 жылға қарай автокөлік атаулының 50 пайызы электромобильге ауысады деген болжам пайда болды. Оған сенуге де болады. Ссебебі тек былтырғы жылы электромобильге деген сұраныс 37 пайызға өсті.

Жалпы Еуроодақ 2035 жылдан кейін жанармаймен жүретін автокөліктерді шығаруды тоқтатпақшы болып, арнайы стратегия қабылдап еді. Оған Еуропа халқының басым бөлігі қарсылық танытып, ол мерзімді 2030 жылға дейін қысқартуды талап етіп жатыр. Бірқатар елдер жанармаймен жүретін көліктерді қай жылдан бастап тоқтатынын да жариялап үлгерді. Мысалы, Сингапур мен Норвегия мемлекеттері 2025 жылдан кейін дәстүрлі автокөліктерді тіркеуді тоқтатпақшы, яғни электромобильге ауысу үрдісі дүние жүзінде басталып кетті.

Ірі мемлекеттер осы салаға қаржыны аямай салуды жоспарлап отыр. АҚШ президенті Дж. Байден Америкада сутегі көлігі мен электромобильдердің инфрақұрылымын жетілдіруге 3 триллион доллар салатынын жария етті. Сондықтан әлем түбегейлі өзгерістер алдында тұр деуге болады. Біз де осы үлкен көштен тыс қалмаудың жолын пысықтап жатырмыз. Мұның бәрі біздің болашаққа арналған жоспарымызда нақты көрінісін табады деген сенімдемін.

Jas qazaq: Ендеше, іске сәт! Ел игілігін еселеу жолындағы еңбегіңізге жеміс тілейміз! Әңгімеңізге көп рахмет!

Срайыл СМАЙЫЛ

Бәс тігу

СПОРТТЫ ӨРГЕ КІМ СҮЙРЕЙДІ?

Бүкіл әлемде үлкен спортты букмекерлік компаниялардың алға сүйрейтіні баяғыдан белгілі. Әйтсе де, еліміздегі спорт шенеуніктері мұны қаперге де алмайды.

ӨМІРДЕН АРТТА ҚАЛҒАНДАР

Жазда өткен Токио Олимпиадасынан кейін еліміздің мәдениет және спорт министрлігінде «талқылау» басталды. Отандық спорттың түйткілдерін тексеріп, зерттеу үшін үлкен жұмысшы тобы құрылды. Оған ең үздік спортшыларды, бапкерлерді, Олимпиада чемпиондарын тартты. Міне, олардың сөзіне осындай жоғары деңгейде құлақ түргеннен кейін барып, біздің шенеуніктердің өмірден артта қалғаны көрініп қалды.

Осы жұмысшы тобындағы кейбір өкілдердің пікірі жалпақ жұрттың құлағына жетті. Чемпиондар мен бапкерлер елдегі спортқа жауапты лауазым иелері әлемдік тәжірибені бұрыннан зерттеуі керек екенін айта бастады. Бұл, әсіресе, спортты демеу қаржының көмегімен дамыту үлгісін зерттеуге қатысты. Дүние жүзінде букмекерлік компаниялар спорт клубтары мен федерациялардың ең ірі демеушісі болып отыр. Бұл жайында біздегілер неге білмейді?

Қазақстандағы букмекерлік сала, басқа да дамыған елдердегі сияқты, үлкен спортқа қолдау көрсетсе, әрі бұл тұрақты түрде жүзеге асырылса деген ұсыныс айтыла бастады. Кейбір спортшылардың пікірінше, мұны заң жүзінде енгізу керек.

Жарайды, мәдениет және спорт министрлігі әлемдік тәжірибеден хабарсыз делік. Бірақ олар тіпті көрші елдердің тәжірибесі туралы да білмейді екен! Ресейде, мәселен, букмекерлермен демеушілік келісімшарт негізінде клубтар мен федерацияларды тұрақты түрде қаржыландыратын механизм бұрыннан бар. Әрі мұндай қаржы ағымы орасан. Ресейдегі ірі футбол клубтарының жетекшілері қаржының қомақты бөлігін мемлекеттен емес, букмекерлерден келіп түсетінін жасырмайды да. Олар соңғы жылдары ресейлік футболдың деңгейі көтерілгені букмекерлердің арқасында екенін айтып, ризашылығын білдіруде. Бұқаралық ақпарат құралдарында «Спартак» (*Мәскеу*) коммерциялық директорының мынадай сөзі жарияланды: «Букмекерлер бізге үш қайтара ақша табуға мүмкіндік береді. Біз демеушінің, сосын Ресей премьер-лигасының (*РПЛ*) және букмекерлердің футболды дамытуға бөлген қаржысын аламыз». Оның айтуынша, алдыңғы екеуінің қаржысы да негізінен букмекерлермен демеушілік келісімшарттың арқасында түседі.

Демек букмекерлер барлық жерде спортты, оның ішінде үлкен футболды дамытуға атсалысуда!

Міне, әлемдік тенденция қандай! Алдыңғы қатарлы Еуропа лигасында да осыған ұқсас жағдай: онда клубтар бюджетінің 25-30 пайызы букмекерлермен демеушілік келісімшарттардан құралады. Қаржының басым бөлігі клубтарға федерациялардан келіп түседі. Бірақ оларға демеушілік жасайтын сол баяғы беттинг компаниялар.

Спортты қайта құруға арналған ұсыныстарды дайындайтын жұмысшы тобына қатысушы ретінде, даңқты боксшымыз Василий Жиров жуырда «отандық заң шығарушы неліктен осы тәжірибені зерттемейді» деген сауал тастады. Оның пікірінше, Қазақстанда букмекерлер табысының белгілі бір бөлігін спортқа демеушілік жасауға заң жүзінде міндеттесе, ұлттық құрамалардың, Олимпиада резервтерінің және үздік спортшылардың деңгейі жоғарылайтын еді. Сонда Токио Олимпадасынан кейін жерге қарамас едік.

ОЛАР КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗАДЫ

Сарапшылар букмекерлік компаниялар онсыз да демеушілік жасап отырғанда, оларды заң жүзінде мәжбүрлеудің қажеті бар ма дейді. Спорт сарапшысы Мәулен Қадырхановтың пікірінше, мәжбүрлейтін емес, ынталандыратын механизм керек. Спортқа демеушілік көрсететін букмекерлік кеңселерге салық және өзге де жеңілдіктер берілсе дейді.

Дегенмен букмекерлер ондай міндеттеуді күтпей-ақ, спортқа қол ұшын созғалы қашан. Тек соңғы екі жылдың ішінде ғана отандық ірі беттинг компаниялардың тарапынан кәсіби және бұқаралық спортқа аударған қаржы миллиардтаған теңгеден асып түсті. Көптеген отандық футбол клубтарына букмекерлік кеңселердің бас демеуші болғаны олардың оң нәтижесіне әсер еткені анық. Бұған дейін тек алматылық «Қайраттың» бас демеушісі «1xBet» екенін білуші едік. Енді бірқатар аймақтық клубтар да букмекерлік кеңселермен келісімшартқа отырғанын жасырмайды.

Бірақ біздің спортқа жауапты мемлекеттік шенеуніктер мұндай тенденцияларға қызықпайтын сияқты. Кейбірінің сөзін тыңдасаң, бұл туралы мүлде естімеген. Спорт билігі болып жатқан құбылыстарға өз көзқарасын білдіруге асықпайды. Сонда отандық спортқа демеушілік көмектің қанат жайғаны керек емес пе? Оларға бәрібір ме?

Біз әлі де үмітімізді үзбейміз. Токио Олимпиадасындағы «құлдыраудан» кейін олар ұйқысынан оянатын шығар?

Әлбетте, әлемдегі букмекерлер командалармен, клубтар және федерациялармен жай ғана ынтымақтасып қоймайды. Олар спорттың барынша дамығанын, қызықты әрі кәсіби болғанын қалайды. Соның нәтижесінде спорт жанкүйерлері көбейетінін түсінеді. Өйткені дәл осы жанкүйер қауым букмекерлік компаниялардың табысын селейді. Бүгінгі спортқа бәс тігу – фанаттар мен жанкүйерлердің жаппай ермегіне айналды. Олардың қатары көбейген сайын, букмекерлік компаниялардың табысы артады. Сәйкесінше, спортқа демеушілік жасайтын қаржы көлемі де ұлғаяды.

Дамыған елдердің билігі мұны баяғыда ұғынып, сол үшін де букмекерлік компанияларға қолайлы жағдай жасаған.

Мұның тағы бір жағымды тұсы: букмекерлер клубтар және командалармен неғұрлым тығыз іс-әрекетте болса, спорттағы жемқорлық соғұрлым азар еді.

Букмекерлер қандай жарыстың да барынша ашық болғанын қалайды. Келісілген матчтар мен жекпе-жектерге әкелетін сыбайлас жемқорлыққа негізделген қарым-қатынас букмекерлік кеңсенің қалтасын қағады. Ал егер команданың демеушісі болсаң, осындай келеңсіз жәйттерді болдырмау сенің қолында.

Отандық спорт үшін бұл да бір жағымды құбылыс болар еді. Әйтсе де, өкінішке қарай, спорттағы жемқорлық кейбір аймақтарда тамырын тереңге жайған.

ЕСКІ КӨЗҚАРАС

Спорт саласындағы шенеуніктер неге сонша артта қалған? Олар неге қасаң ойлайды? Неліктен беттинг спортты дамыту емес, карта мен казино сияқты құмарлықпен пара-пар болып көрінеді? Ал шындығында, бұл екеуінің арасы жер мен көктей.

Елдегі ірі букмекерлік кеңселердің Асқар деген бір клиенті Jas qazaq тілшісіне берген сұхбатында Қазақстандағы шенеуніктердің «көне» көзқарасы букмекерлік бизнес туралы қарабайыр пікірмен байланысты деп санайды. «Көпшілік спортқа бәс тігу қандай да бір күнә, құмарлық, алдау деп ойлайды. Тіпті кейбір лауазымды тұлғалар, шенеуніктердің өзі осылай ойлайды. Неге екенін, спортқа жауапты тұлғалар қарапайым мәселені түсінбейді, байыбына бармайды. Олар құмар ойын мен спорт оқиғасына бәс тігудің арасындағы айырмашылықты ажырата алмайды. Мәселен, карта немесе рулеткадағы ұтыс кездейсоқ болады. Ал матч немесе бокс жекпе-жегінің қалай аяқталатынын тап басу кездейсоқтық емес. Мұнда білім мен жан-жақты сараптама қажет».

Сонымен, біздің елімізде спортты дамытуға беттингті пайдалану үшін не істеу керек?

Оның құмар ойындармен қалай шатастырмауға болады?

Ең алдымен спортқа жауапты шенеуніктерден әлемдік тәжірибені терең зерттеуін талап ету керек. Сондай-ақ қарапайым адамдарға беттинг дегеннің не екенін түсіндірген дұрыс. Букмекерлік кеңсенің жұмысына объективті көзқарас қалыптастыру қажет. Бәлкім, дәл қазір адамдардың ойлау жүйесінде осындай өзгерістер жайлап жүріп жатыр. Бүгінде бүкіл Қазақстан бойынша жарты миллионнан астам адам спортқа бәс тігеді. Барған сайын спортқа бәс тігу ақыл-ойға негізделген ермек екенін, спортты дамытуға ықпал ететінін түсінетін жандардың қатары көбейіп келеді.

Олжабек БАЙҚУАТОВ

Мемлекет & Кәсіпкер

ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАТЫН ЖОЛ ТАБЫЛДЫ

Шымкентте халық саны қарқынды өсіп келеді. Миллионнан астам тұрғыны бар қаланың мектептеріне биыл 233 мыңнан астам оқушы барды. Оның ішінде 25 мың бала мектеп табалдырығын алғаш рет аттады.

Тұрғын санының өсуі жаңа мектеп салудың қажеттілігін туындатып отыр. Осы мәселені шешуде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік оң нәтижесін көрсетіп келеді. Қазір Шымкент білім саласына инвестиция тарту бойынша республикада көшбасшы қала қатарында. Қаланың іскерлік ортасы білім саласын жетілдіруге үлес қосуда.

ТОЙХАНА ҚАЛАЙ МЕКТЕПКЕ АЙНАЛДЫ?

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған мектептер туралы сұрастырғанда, Шымкент қалалық білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева ең алдымен

Әл Фараби мектебі жайында сөз қозғады.

Ж.Тәжиева: «Мұнда қазір 1300 бала білім алып жатыр. Жалпы ғимарат 2500 адамға арналған. Заман талабына сай робототехника кабинеті де жұмыс істеп тұр. Шаһарда 35 жекеменшік мектеп бар болса, оның 29-ы ақысыз оқытуда. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жан басына қаржыландырумен білім беріп жатыр. Қалған алтауы ақылы. Олардың қосымша ақылы білім ұсынып, ақысын көбейту есебінен сабақты түс қайта ұзарту мүмкіндігін жасап отыр. Алдағы бес жылдықта жаңадан 72 мектеп салып, 68 500 орынмен толықтыруды жоспарлап қойдық», – деді.

Былтыр карантин басталғанда Шымқаладағы 134 тойхана да жұмысын тоқтатып, табысынан айырылған болатын. Содан Есбол Қамбаров бастаған бірнеше кәсіпкер тойханасын мектепке берді. Зәулім салтанат сарайы жарқыраған білім ұясына, Әл Фараби атындағы жеке мектепке айналып шыға келді.

Кәсіпкер Е. Қамбаров: «Тойханада мектеп ашпас бұрын, басқа елдердің тәжірибесін зерттеп, Финляндия, Англия мектептерінде балалар салтанат сарайы сияқты интерьері бар мектептерге баратынын білдім. Бұл қазір кең таралған тәжірибе. Балалардың мектепке мерекеге барғандай шаттана баруына ықпал етеді. Мен білім және ғылым министрлігінің білім саласындағы бақылау департаментінен арнайы лицензия алдым. Сөйтіп салтанат залдарын сыныптарға ыңғайлап, қайта құрдық. Тойхананы мектепке айналдыру кезінде барлық санитарлық нормалар ескерілді», – дейді.

Қазіргі уақытта тойханада салтанат залдары сынып болып қайта құрылған. Мұнда 90-нан астам мұғалім еңбек етуде. Керекті жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 300 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалыпты. Кәсіпкер тойханасын мектепке айналдырғанына еш өкінбейді. Ол мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламасы аясында жасалған келісімшартқа сәйкес, 20 жылға дейін мектептің нысандық мақсаты өзгермейтінін айтты. Демек тойхана карантин біткеннен кейін де мектеп ретінде жұмысын жалғастыра береді. Бұл жобаның тиімділігі сол, кәсіпкер өзіне де, мемлекетке де пайда әкеліп отыр. Мемлекет жаңадан мектеп салу үшін қыруар қаржы жұмсап, оның ішкі-сыртқы шығындарын мойнына алуы керек. Ал жеке ғимараттарды жалға алса, көп қаржы мемлекет қазынасында қалады. Осылайша ысырапшылдықтан арыламыз.

«Бұл мектепте оқушылар ақылы және ақысыз сыныптарда оқиды. Ақылы мектептің оқу ақысы айына 100-120 мың теңге көлемінде. Балалар таңертеңнен кешке дейін білім алады. Бес мезгіл тамақ беріледі», – дейді жеке кәсіпкер. Кез келген ата-ана мұнда баласын алып келе алады.

Шымкенттегі зәулім сарайдың мектепке айналарын кім білген? Пандемия салдары Қамбаровтай кәсіпкерлерді көзді тарс жұмып, тәуекелдің желқайығына мінуге итермеледі.

НӘТИЖЕ – ЗАМАНАУИ МЕКТЕП

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде табысты жүзеге асқан жобалардың бірі – «TM and ART Educational school» мектебі. Қонаев даңғылы бойындағы бұрынғы сауда орталығы бастауыш мектеп ретінде қайта құрылымдаудан өткізіліп, биылғы оқу жылында алғашқы оқушыларын қабылдады. Қазір мектепке 202 бала қабылданып, қазақ



және орыс тіліндегі оқу сыныптары ашылған.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ашылған білім беру нысанында модификацияланған пән кабинеттері жасақталған. Оқу сыныптары интерактивті тақталар және панельдермен жабдықталған. Балалар қауіпсіздігін сақтауда бейнебақылау жүйелері орнатылып, ата-аналар өз перзенттерінің білім беру ұйымындағы іс-қимылын смартфон арқылы онлайн-режимде бақылай алады. Мектепте спортзал, кітапхана, асхана, гимнастикалық зал қарастырылып, робототехника кабинеттері жасақталған.

Мектепте ата-аналардың қалауы бойынша ақылы түрде түрлі шығармашылық топтар мен үйірмелер жұмыс істейді. Дизайн, таэквондо, дзюдо, хореография, көркем гимнастика, этика, сурет салу, брейк-данс және ағылшын тілі үйірмелерінің жетекшілігіне кәсіби мамандар, оның ішінде жоғары білікті шетелдік ұстаздар тартылған. Білім беру ұйымында логопед маман да қарастырылып, тіл кемістігі бар балаларды дұрыс сөйлей білуге дағдыландырады.

Жекеменшік білім беру ұйымдарына бюджеттік мектептерге қойылатын талаптар қолданылады. Ұстаздардың біліктілігі мен балалардың білім деңгейі салалық мемлекеттік құрылымдар тарапынан тұрақты бақылауда.

Мегаполис тұрғындарының төрттен бірі – мектеп жасындағы балалар. Бұл өсім әлеуеті жоғары қала һәм мектеп санын көбейтуге қажеттілік бар дегенді білдіреді.

Мемлекет басшысының апатты және үш ауысымды мектептерді азайту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, қалада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында мектептер салудың жаңа жобасы қолға алынған.

Бұл білім мекемелерінің қатарында «ADAN» мектебі де бар. Білім беру ұйымы 600 балаға лайықталған. Қазір мұнда 399 оқушыға жоғары білікті 31 педагог білім беруде. Әзірге тек бастауыш сыныптары қазақ және орыс тілдерінде оқуда. Балалар ұзартылған күн тәртібінде 3 мезгіл ыстық тамақпен қамтылса, қауіпсіздік үшін тасымал қызметіне арнайы көлік қарастырылған. Оқушылардың жан-жақты дамуы үшін ағылшын тілі, би, вокал, шахмат, кіші футбол үйірмелері де бар.

Білім ұясында 24 сыныптық кабинет және 7 қосымша сынып оқу жабдықтарымен қамтылған, акт және спорт залдары, сыртта жабық кіші футбол алаңы, медициналық бекет және асхана бөлмелері бар. Қосымша сабақтарға арналған 7 сынып тағы бар.

Алдағы бес жылда апатты, үш ауысымды мектептер мәселесі түпкілікті шешіліп, ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан мектептердің орнына типтік үлгідегі мектептер салынбақ. Осы жоспар аясында биылғы жаңа оқу жылында бір мезетте 20 жаңа мектеп іске қосылды. Жыл соңына дейін тағы 4 мектептің құрылысы аяқталып, оқушыларды қабылдайды.

Білім беру ұйымдарының құрылыс қарқынын арттыруда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік оң нәтижесін беруде. Биылғы жылы құрылысы аяқталып, тапсырылған білім беру ұйымдарының ішінде 15 мектеп мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде пайдалануға берілгенін айта кетуіміз керек.

Осы санаттағы жаңа білім беру ұйымдарының бірі – «Abadan» жекеменшік мектебі. Ұйым 550 балаға білім беруге лайықталған. Қазір мұнда 350 оқушы білім алуда. Сабақ қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Оқушыларға қосымша

сабақ ретінде ағылшын тілін тереңдетіп оқыту курстары ұйымдастырылған. Балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде шахмат, домбыра, хореография, бейнелеу өнері сынды шығармашылық үйірмелер жұмыс істейді.

Оқу кешенінде 24 сыныптық кабинет оқу жабдықтарымен қамтылған, акт және спорт залдары, медициналық бекет және асхана бөлмелері қарастырылған.

Мектепте 45 жоғары білікті мұғалім жұмыс істейді. Мұнда балалар жалпыға бірдей білім стандарты бойынша сабақ өтеді. Оқушылардың үлгерімі мен педагог кадрлардың біліктілік деңгейіне тұрақты негізде іске асатын бақылау жүйесі енгізілген.

ТЕГІН ҮЙІРМЕ БӘРІНЕ ТИІМДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығын, жас ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне ерекше назар аудару қажет екендігін атап өткен болатын. Үшінші мегаполисте бұқаралық спортты дамыту, жастардың бос уақытын тиімді

ұйымдастыру бағытында тиімді іс-шаралар атқарылуда. Шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларында шұғылданушылардың санын арттыру үшін тиісті инфрақұрылымды және қосымша жұмыс орындарын көбейту мақсатында спорттық үйірмелерді мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жан басына шаққандағы қаржыландыру іске асырылуда.

Бүгінгі таңда қалада 4096 балаға 71 спорт түрінен тегін спорт секцияларын ұйымдастыру үшін жергілікті бюджеттен (*жан басына шаққандағы қаржыландыру*) 339,8 млн теңге қаржы бағытталған. Бұл көрсеткіш 2021 жылы жалпы бос балалардың қосымша спорттық секциямен қамту үлесінің 5,3 %-ын құрайтын болады. Қазірде қалада мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 5 спорт клубы жұмыс істейді.

Іріктеуден өткен білікті кәсіпкерлік нысанының бірі – «Эталон Клининг» ЖШС. Кәсіпкер «STRONG» фитнес орталығын жалға алу арқылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында еңбек етіп жатыр. Спорт кешенінің жалпы ауданы 950 шаршы метрді құрайды. Кәсіпкер бокс және таэквондо спорт түрінен 160 балаға өтінім жолдап, осы жылдың 3 шілдесінен бастап жұмыс істеуде. Қазіргі таңда 110 ата-анадан өтінім түсіп, ата-ана мен кәсіпкер арасында келісімшарт жасалған.

«Жаңа жоба бойынша 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар, оның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалар мемлекеттік тапсырыспен кез келген спорт секциясына, шығармашылық үйірмесіне тегін бара алады. Жаңа жобаға сәйкес ата-аналардан спорттың 71 түрі бойынша өтініштер қабылданады. Қазір спорттың бокс, футбол, грек-рим күресі, жүзу спорты, үстел теннисі, каратэ, таэквондо, дзюдо, баскетбол түрлері бойынша ата-аналардан 3347 өтінім түскен. Жобаны іске асыруға биылға 339,8 млн теңге қаралып, 4096 баланың спорттық секцияларға баруына мүмкіндік берілген», – дейді қала әкімінің

орынбасары Мақсұт Исахов.

Мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру мақсатында мамыр айында «Бала» сандық платформасы іске қосылған. Бұл платформаға artsport.edu.kz мекенжайы арқылы кәсіпкерлер, жаттықтырушылар және қаланың әрбір тұрғыны ата-ана ретінде өтінім жолдай алады. Ата-ана балаға арналған шығармашылық немесе спорттық үйірмеге өтініш беріп, ваучер (*бірегей нөмір*) алады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жан басына қаржыландыру жобасына қатысқан жеке кәсіпкерліктің бірі – «Інжу Маржан» жеке кәсіпкерлігі. 18 шағынаудандағы 78 А мекенжайында орын тепкен би мектебіне бүгінде 4-15 жас аралығындағы 140 бала халық билері секциясына қатысып жатыр. Негізі аталған би мектебі 2018 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ал мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жан басына қаржыландыру бойынша іске кіріскеніне бір айға жуықтаған. Мекеменің негізін қалаушы, ұстаз-хореограф Маржан Сәрсенбек балаларды ұлттық билерден басқа, классика, балет, гимнастика, балалар биі, эстрадалық биге баулитынын айтады.

«140 баланың 90 пайызы – 3 жылдың ішінде жиналған шәкірттерім. Оқушыларымыз республикалық байқауларға қатысып тұрады. Бас жүлде, бірінші орын алған кездеріміз де болды. Жас ерекшелігіне қарай, түске дейінгі және түстен кейінгі топтарға қатысады. Мен үшін шәкірттерімнің барлығы бірдей. Арасында айтқан тапсырманды лезде қағып алып, орындайтын үздіктеріммен де мақтанып жүремін. 12-15 жас тобындағы Шұғыла Әбдез, 5-6 жас аралығындағы Камилла Төрежанова мен Райхель Иветта, 7-9 жас аралығындағы Айзере Тілеубердіні айрықша атар едім», – деді Маржан Қайратқызы.

Біз аталған би мектебіне бас сұққанда би деген ұжымдық жұмыс екенін ұғындық. Мұнда би үйірмесіне келген әр бала ең алдымен ұжыммен жұмыс істеуді үйренеді. Түрлі халықтардың киім кию үлгісі, әні, биі, міне, осының бәрі баланың бойына түрлі халықтардың мәдениетін сіңіреді. Бала биге қатысып бастағаннан оның дене бітімі, жүріс-тұрысы өзгереді. Нәзіктік пен әдемілікке құштар болып, қызға сай қылықтарды үйренеді. Бір сөзбен, денсаулығына пайдасы зор.

«Әр алуан халық билері қыздарымыздың мүмкіндіктеріне қарай қойылады. Би тек үйірме ішінде қалып қоймайды, үлкен концерттерге, конкурстарға қатыстырамыз. Қыздарымыз ел-жер көрсе деген мақсатымыз бар. Себебі бізде талантты, көрікті қыздар өте көп. Әр тоқсанда ата-аналарымыз үшін ашық сабақ өткіземіз. Жылдың соңында есеп беру концерті өтеді», – дейді үйірме жетекшісі.

Би мектебі жайында біраз мәліметке қаныққан соң, мекеме басшысынан «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік сіздерге не береді?» деп сұрадық.

«Көп отбасылардың жағдайы бірде бар, бірде жоқ. Мәселен, көпбалалы отбасылар балаларын мұндай үйірмеге ақылы түрде беруге шамасы келмейді. Осындай тегін үйірмелер ұйымдастыру бастамасын қолға алған Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевқа алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Ал бізге, кәсіпкерлерге келер пайда, ол – тұрақтылық. Бір жыл бойына тұрақты қатысушыларымыз болады. Біз сонымен ұтып тұрмыз. Ал негізі мемлекеттің беріп жатқан ақшасы мен ата-аналардың беріп жатқан қаржысы бірдей», – деді ол.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН. *Шымкентте мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында көптеген нысандар салынды. Бұл іс әлі де жалғасады. Былтыр басталған пандемия өмірімізді түбегейлі өзгертті. Жекеменшік мектептердің саны артты. Тіпті карантинде табысынан айырылған тойханалар да мектепке айналып шыға келді. Фитнес орталығы балалар жаттығатын спорт кешеніне берілді. Осылайша, карантин жағдайында да мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің аясы одан сайын кеңи түсті. Ал мұның бәрі, түптеп келгенде, қарапайым халыққа, ата-аналар мен балаларға жасалып жатқан жағдай. Кәсіпкерлерге де тығырықтан шығатын жол табылды.*

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент

«КӨГІЛДІР ОТЫН» КЕЛДІ

Аймағымызды табиғи газбен қамтамасыз ету үшін бірнеше жылдан бері тыңғылықты жұмыс атқарылып, жақсы жетістікке жетіп келе жатқанын жасырмаймыз. Қазірдің өзінде облыс-аудан орталығы мен қала, елді мекен тұрғындары табиғи газға қосылып, игілігін көре бастады. Өйткені газдандыру жоспарының қаржы мен уақытты, энергиялық ресурстарды үнемдеу, қажетті температураға жылдам қол жеткізу, экологиялық тазалықты сақтау сынды артықшылығы бар. Өңірді газдандыру жұмысы республикалық немесе жергілікті бюджеттің, инвесторлардың қаржысы арқылы атқарылады.

Алматы облысындағы 742 елді мекеннің 474-і газдандыруға жатады. Бүгінде 156 елді мекен газдандырылып, 1,2 миллион адам газға қол жеткізген. Талдықорған қаласын газдандыру жұмысы аяқталған. Барлығы 54,3 мың абонент табиғи газға қол жеткізіп, қазіргі кезде 23,7 мыңнан астам үй газға қосылған. «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 3,5 млрд теңгеге 7 жоба іске асырылуда. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі негізінде 5 жоба аяқталуға таяған. Нәтижесінде 44,2 мың адам табиғи газға қол жеткізетін болады. Айталық, биыл Балқаш ауданы тұрғындарын газдандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

Тұтынушыларды табиғи газбен қамтамасыз етуде «СтройПроектЛидер» ЖШС-ның нысанның алдын ала сметалық есебін құруға, жобалауға, салуға және газға қосуға көмек көрсетуге толық мүмкіндігі бар. Алайда газға қосуға өтінішті үйдің иесі беруі тиіс. Осыдан кейін барып, газ тарату ұйымы қосу құнын нақтылай алады. Одан әрі «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 12-бабы 5-тармағына сәйкес, құрылыс-монтаждау жұмысы бойынша шарт жасалады. Айта кетерлігі, газбен жабдықтау жүйесі нысандарын магистральді газ құбырына, газ тарату жүйесіне немесе топтық резервуар қондырғысына қосуға байланысты шығындарды нысан иелері өздері төлейді. Осыдан кейін газбен жабдықтау жұмысы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

«СтройПроектЛидер» ЖШС өкілі Еділ Орманов былай деді: «Біздің негізгі міндеті – табиғи газды тұрғындарға қауіпсіз және үзіліссіз беру. Бәрімізге мәлім, табиғи газ өзінің құрамы бойынша сұйытылған газдан ерекшеленеді. Сондықтан газ құбыры жүйесінің өзгеше техникалық сипаттамасын талап етеді. Сонымен қатар нысандарды табиғи газ көзіне қосу қауіпсіздік техникасының заманауи талаптарына сәйкес келуі тиіс. Айта кетерлігі, газ есептегішін сатып алу, ЖСҚ әзірлеу, техникалық қадағалау, желдету каналын тексеру сияқты қызметтерді басқа ұйымдар жүзеге асырады».

Аталған компания төтенше жағдай кезінде де барлық қажетті қауіпсіздік шарасын қабылдай отырып, штаттық режимде жұмыс істеді.

Қауіп-қатердің алдын алу үшін жедел штаб құрылды және қызметкерлердің біразы қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды. Өңір тұрғындарының «табиғи газға тезірек қосылсақ» деген тілегін орындауға тырысқан Жетісу өндірістік филиалының қызметкерлері төтенше жағдай кезінде карантин тәртібін сақтай отырып, облыстың қалалары мен ауылдарындағы үйлерге газ тарту жұмысын тоқтатқан жоқ.

Серіктестіктің аудан бойынша аға менеджері Әуесхан Әбдібаев: «Біз қазір Ақдала ауылына газ тарту жұмысын жүргізіп жатырмыз. Бұл елді мекен осыған дейін көмір мен ағаш отынын пайдаланып келген. Қысты күні ызғарлы жердің тұрғындардың үйді жылыту, тамақ әзірлеу сияқты күнделікті тіршілігіне көп қиындық тудыратын. Ал табиғи газдың келуі тұрмысты жеңілдетеді. Төтенше жағдайға байланысты, экономикалық жағынан қиындық көрген отбасылық жағдайы төмен, мүгедек, көпбалалы, жалғызбасты зейнеткер отбасыларға көмек қолын созып, олардың үйін газ желісіне тегін қосып беруді қолға алдық. Осындай игілікті іс пен алғаусыз көмекке ризашылығын білдіріп жатқандар көп», – дейді

Серіктестіктің демеушілігімен Ақдала ауылының тұрғыны, бес балалы, жалғызбасты әке Ернат Саймасаевтың үйіне газ құбыры тартылды.

Ернат Саймасаев: «СтройПроектЛидер» ЖШС-ға ерекше алғысымды жеткізгім келеді. Аталған серіктестік аймағымызды газдандыру жұмысымен айналысатынын естіп жүрсем де, олардың жағдайы төмен отбасылардың үйін газ желісіне тегін қосып беретінін басында білген жоқпын. Үйге газ қосу туралы өтінішімді телефон арқылы жеткізіп, жағдайымды айтып едім, олар жағдайымды сұрастыра келе, газ желісіне тегін қосып беруге көмектесетінін жеткізді. Ертесінде компанияның қызметкерлері келіп, газ қосылатын үйдің картасын сызып кетті. Оның ертесі дәнекерлеуші жігіттер келді де үш жылдан бері армандап жүрген ісімізді үш-ақ күннің ішінде жүзеге асырды», – дейді.

Осылайша, үйіне газ құбырының тегін тартылғанына қуанған, серіктестікпен келісімшартқа қол қойған көпбалалы әке – табиғи газға еш кедергісіз қосылған Ақдала ауылындағы алғашқы отбасылардың бірі. Ендігі кезекте қайырымды жандар көмекке мұқтаж тағы екі отбасыға демеушілік көрсетеміз деп отыр. Сонымен қатар Бақанас ауылындағы мүмкіндігі шектеулі он адамның баспанасына газ есептеуіш құрылғысын тегін орнатты.

Жалпы биыл Алматы облысында 19 жаңа жобаны жүзеге асыру үшін 6,4 млрд теңге қаржы бөлініп, «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде 3,4 млрд теңге қаржы қарастырылған. Сонымен қатар Райымбек және Кеген аудандарының елді мекендерін газдандыру үшін 2020 жылы «Шелек-Кеген-Нарынқол» магистральды газ құбырының құрылысы» үшін облыстық бюджеттен 52,1 млн теңге қаржы бөлініп, 17,4 мың халқы бар 23 ауыл газдандырылмақ, газ құбырының ұзындығы 227 шақырымды құрайды. Талдықорған-Үшарал магистральдық газ құбыры бойынша шаруа қожалықтарымен жер учаскесін келісу жұмыстары негізінен аяқталған.

Қоршаған ортаны ыс пен түтіннен қорғау, тұтынушыларды отынның ең тиімді түріне көшіруді арттыру және аймақ тұрғындарының әлеуметтік және тұрмыстық әл-ауқатын жақсарту, шағын және орта кәсіпкерлікті, өнеркәсіп салаларын дамыту және салынған газ тарату желілерін сақтап қалу үшін облыс елді мекендерін толығымен газдандыру жұмысын жақын арада аяқтауға күш салу керек. Бұл – кезек күттірмейтін міндет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

БОЛАШАҚ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

Алматы қаласының Алатау ауданында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы бойынша бірқатар білім нысандары салынды. Осы жобаның аясында Алатау ауданындағы №166 мектеп-лицейіне жаңа корпус қосылды. Биыл білім ошағының шәкірттері жаңа құрылғылармен жаңартылып, заманауи үлгіде безендірілген ғимаратқа көшті.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының нәтижесін өз көзімізбен көру үшін біз Алматыдағы №166 мектепке бардық. Мектеп директорының міндетін атқарушы Лариса Ходжаева жаңа нысан туралы айтып берді:

«Біздің мектеп биыл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында қайта жаңартылды. Мектептің жанындағы ескі ғимараттың жанынан жаңа корпус салынды. Биыл 125 балаға арналған жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Үш қабаттан тұратын нысанда 15 сынып, мәжіліс залы, үлкен асхана, кітапхана, 1 спорт залы бар. Мектептің бірінші қабатында оқушыларға арналған демалыс орны бар. Ескі нысан күрделі жөндеуге жабылғандықтан, қазір осы ғимаратта 370 оқушы оқып жатыр. 40 шақты білікті ұстаз білім беруде. Біздің білім ошағы физика-математика пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп-лицей болғандықтан, оқушылар бір ауысыммен оқиды. Өйткені олардың сабағы таңғы сегізде басталып, күндізгі үште аяқталады».

Бұрын мектептің кітапханасы, асханасы мен спорттық залы бөлек-бөлек нысан болған екен. Бүгінде бұл нысандар сүріліп, барлығы бір ғимараттың ішіне орналасқан. Мектептің бірінші қабаты заманауи үлгіде безендіріліп, оқушылардың тыныығып-демалуына арнайы орындар салынған. Сонымен қатар мектептің алғашқы қабатында әр оқушыға арналған жеке шкафтар орнатылған. Оқушылар сөмкесін көтермей-ақ, қажетті оқу-құралдарын осы арадан алады.

Лариса Ходжаеваның айтуынша, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында білім ошағына көңіл бөліну игі бастама болып отыр дейді.

Ол: «Мемлекет пен жеке инвестордың бірігіп, білім саласын дамытуға арналған жобасын құптаймын. Осы жобаға «Ғұн» ЖШС қаржы бөлді. Басшылық қызметке биыл ғана келгендіктен, жекеменшік инвестормен толық танысып үлгермедім. Жаңа нысанның бірінші қабатын жабдықтауға 12 миллион теңге қаржы жұмсалыпты. Сонымен қатар нысанның жанынан ашық спорт алаңы мен жаттығу құрылғылары орнатылған. Биылғы оқу жылын жаңа ғимаратта бастаған оқушылардың көңілі шат-шадыман. Пандемия салдарынан мектептердің онлайн режимде оқығанын білесіздер. Биыл оқушылардың мектепті сағынып, ерекше ынтамен келгендері қуантады», – деді.

Біз жаңа корпуста білім алып жатқан шәкірттерді әңгімеге тарттық. 11-сынып оқушысы Әнел Нұриева жаңа ғимаратты алғаш көрген сәтімен былай деп бөлісті:

«Жаңа ғимаратқа алғаш келген күні жаңа заманауи үлгідегі нысанды көріп, қатты қуандым. Біз үшін білім алудың жаңа белесіне көтерілгеніміз сезіліп тұрды. Бұл мектеп шетелдік білім ордасынан кем емес. Бүгінде білім көкжиегін дамыту үшін мемлекет пен жекеменшік сектордың бірігіп, қаржы салып, осындай нысандарды салуы қуантады. Өйткені мемлекетіміз біздің сапалы білім алуымызды басты назарға алды. Біздің лицей физика мен математика пәндерін тереңдетіп оқытады. Сондықтан болашақта IT саласының маманы болғым келеді. Ал жаңа ғимараттың салынып, мемлекет тарапынан назар аударылып, жеке сектордың осы салаға қаржы салуын құптаймын. Бұл болашақ үшін жасалып жатқан қадам. Ең бастысы, осы мүмкіндікті пайдаланып, білім алып, болашақта ел игілігі үшін қызмет етуге ұмтылуымыз керек».

Өз ойын бөліскен 11-сынып оқушысы Никита Альчиев те жаңа ғимартты көріп, ерекше сезімде болғанын жасырмады. Ол: «Біз бұған дейін ескі типтегі мектепте оқыдық. Жаңа нысан жаңа оқу жылында ерекше леп әкелді десем қателеспеймін. Шынымен де, сапалы әрі заманауи ғимаратта білім алу ерекше құлшыныс сыйлайды. Біз үшін білім әлемінің жаңа есігі ашылды. Заманауи үлгідегі тақта, жаңа құрал-жабдықтар – мұғалім мен оқушыға жасалған үлкен мүмкіндік. Бұрын бізге ашық спорт алаңы жетіспейтін. Қазір ол да бар. Кез келген оқушы спортпен шұғылданып, бос уақытын ашық алаңдағы спорт нысанында өткізе алады. Маған мемлекетіміздің білім саласына көңіл бөліп, оны одан әрі жақсартуға жасап жатқан қадамы ұнайды. Осындай жобаның арқасында оқушылар білім алудың жаңа белесіне көтерілді. Біз ғана емес, еліміздің барлық оқушылары осындай ғимараттарда білім алса деймін», – деді.

Мектептің ескі нысанының күрделі жөндеуге жабылғанын жоғарыда айтып өттік. Білім ошағының басшылығы биылғы оқу жылын жаңа корпуста аяқтап, келесі оқу жылында толыққанды жөндеуден өткен мектепте білім алатын боламыз деді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

Шағын кәсіпкер

Кәсіпкерлікті дамыту – мемлекеттің маңызды қадамдарының бірегейі. Соның ішінде шағын орта бизнесті қолдау бүгінгі күннің талабы болып отыр. Елімізде бизнесті қолдауға арналған бағдарламалар көптеген ынталы адамдардың кәсіп ашуына, кәсіпкерлердің өсіп-өнуіне жол ашқаны анық. Бұл бәрі ел экономикасының қарыштауына, халқымызды әл-ауқаты артуына сеп болары сөзсіз.

Маргарита МЕҢДІҒАЛИЕВА:

БІЛЕТІН САЛАНЫ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ

Исатай аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының директоры Нұрым Мусиннен біраз мағлұмат алып, «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту-2021» бағдарламасының екінші бағыты бойынша «Бастау-бизнес» жобасына қатысады. «Осы жобаны кәсіпкерлік палатаның аудандық филиалынан жақсы нәтижемен аяқтап, жұмыспен қамту орталығының жанынан ұйымдастырылған грант конкурсына құжаттарымды тапсырдым. 583 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып алып, оған керекті құрал-жабдықтар алдым. Тағы бір бөлме қосып, массаж түрін көбейттім», – дейді ол.

Маманның айтуынша, массаж бірінші кезекте адамның қан айналымын жақсартады. Бұрын адамдар ертеден кешке дейін қозғалыста болғандықтан, оларға массаждың қажеттілігі болған жоқ. Ал қазір қозғалыс азайды. Жұмыстың көбін техника атқарады. Жаяу жүретіндер де аз. Сондықтан массаж қажет екенін медицина да дәлелдеуде.

Бірнеше түрге бөлінетін емдік массаждардың бірі – қазірде көбірек сұранысқа ие логопедиалық массаж. Оны да оқып, қыр-сырын меңгере бастаған маман алған дәрісін кәдеге асырып жатқанын, одан оң нәтижелер де бар екенін де атап өтті.

– Бұл – сөйлей алмайтын балаларға арналған массаж. Мен оны практика жүзінде өзімнің балама жасадым. Онлайн түрде оқып жатқандықтан, үйренгенімізді іс жүзінде өзіміз жасап көруімізге тура келеді. Аудан орталығында ерекше балаларға арналған оңалту орталығы бар. Естуімше, онда 15-ке жуық бала ем алады. Ал шындығында, оларға бір-екі сағат массаж алу жеткіліксіз. Ерекше балалармен күнде тұрақты түрде айналысу керек. Оларға емдік гимнастикалық жаттығуларды үзбей жасату керек. Оған бір маманның жетпейтіні белгілі. Сол себепті де әрқайсысына уақыт бөліп, балалардың күтушілеріне массаждық осы түрін тегін үйретсем деген жоспарым бар. Себебі, тағы да қайталап айтайын, ерекше балаларға ем болуы үшін бұл массаж үзбей жасалуы қажет. Сонда ғана бұның көмегі тиеді. Мәселен, ауруынан жүз пайыз айығып кетпесе де, ыдысын ұстай алмайтын бала қолына қасық ала бастауы мүмкін, отыра алмайтыны оған да икемделе алады. Инсульт алған адамдарға да массаждың пайдасы көп. Оны да өз тәжірибеме сүйеніп айта аламын. Жалпы алға қарай осы бағытта жұмыстар атқарсам деймін.

– Мына инверсиялық үстел сол үшін керек, – деді Маргарита бөлмедегі құрылғыны көрсетіп. – Бұл омыртқа бойын созуға көмектеседі. Ал мына жүгіру жолағы артық салмақтан арыла алмай жүргендер үшін. Оларға арналған бағдарламада келуші, ең алдымен, 10 минут көлемінде осы жолақпен жүгіріп алуы керек. Одан соң душ қабылдап, қызуы 60 градусқа дейін жететін турмалин кабинасында отырады.

Кабинадағы үш түрлі турмалин тасы әр түрлі ауруларға көмектеседі. Жүйке жүйесін тыныштандырып, күйзелістік жағдайдың салдарын жеңілдетеді және ұйқысыздықтан арылтады. Турмалин кабинасынан шыққан емделуші 15-20 минут көлемінде дем басып, одан әрі қызып тұрған денеге массаж жасалады. Ал одан кейін қолданылатын стоун-терапия адамның ұйқысыздығы мен стресспен күресуге пайдалы. Ол денедегі нүктелерге орамалдың сыртынан 55, жалаңаш денеге 25 градусқа қойылады. Мұнда, ем алушылар әрқайсысы он күннен тұратын үш кезеңдік массаж курсына жазылады. Әр кезең сайын екі апта тыныығулары шарт.

Алдағы жоспарларымен де бөліскен Маргарита қазіргі уақытта жалға алып отырған турмалин кабинасын грант арқылы сатып алғысы келетінін айтты. Өйткені оның атқаратын қызметі көп. Қан айналымды қалыпқа келтіру, денедегі тұздарды, токсиндерді шығарып, ағзаның жұмыс жұмысын реттеу, т.б. қасиеттерге ие. Бұл кабинаға кіріп шыққан адам біраз сергіп қалатын көрінеді.

Елге ем жасап, еңбек тауып жүрген массажшы мұнда келушілердің көбі остеохондрозға шалдыққандар дейді.

«Жалпы дененің сыртына шыққан тер қайта сіңбеуі керек. Тұз содан пайда болады. Омыртқа арасындағы шеміршектердің бойына жиналатын тұз мойыннан басқа баратын тамырларды қысып, ары қарай қанның еркін жүре алмауына апарады. Бұл бастағы тамырлардың жіңішкеруіне, қан айналымның баяулауына әкеледі. Ал қан айналымның бұзылуы әр түрлі қатерлі аурулар тудыратыны белгілі», – дейді кәсіпкер.

Нұргүл НАСЫР,
Атырау облысы

ҚАЛАМ

БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы

Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр.

Курстың белсенді тәлімгері, I топтағы мүмкіндігі шектеулі жан Бақытжан Омашевты журналистиканың сұхбат алу жанры қызықтыратын болып шықты. Бақытжанның талабы зор. Келешекте паралимпиада ойындарына қатысқысы келеді. Қатысып қана қоймай, елге ерен жеңіспен оралуды мақсат тұтып, жаттығу залына барып жүр. Оның бұл талабы туралы газетіміздің өткен нөмірінде (*№33, 20 тамыз 2021 жыл*) жарияланды. Бұл жолы Бақытжан регбиден қыздар арасында ұлттық құраманың капитаны Балжан Қойшыбаевамен сұхбаттасты. Материалды дайындау барысында газет тілшілері Бақытжанға бағыт-бағдар беріп отырды. Ал Жанар Инағынбаева өзінің қалай баспаналы болғанын баяндайды.

СПОРТ

Талабың мұқалмаса, шыңға шығасың

Бақытжан Омашев: Балжан ханым, өзіңізбен жақын танысып, дидарласқанына қуаныштымын. Регби спортына қалай келдіңіз?

Балжан Қойшыбаева: Рахмет, мен бала күнімнен спортқа жақын болдым. Әкем бокс, күрес үйірмесіне жаздырып, қатыстым. Бір жолы мектебімізге спортқа қабілеті бар балалардан регбиге баулуға бапкер келді. Сап түзеп тұрған біздердің арамыздан бойшаң, денелі қыздарды таңдап алды. Бойым тапал болғандықтан, тізімге енбей қалдым. Бірақ менің де регбиге деген қызығушылығым артып, қалайда үйірмеге жазылуды ойладым. Ольга Рудой деген бапкер кісіге «мені де үйірмеге жазыңызшы» деп өтініп едім, талабыма қызықты ма, тізімдеп кетті. Үйге келіп ата-анама айтайын десем, бұл спорт түрі қалай аталатынын ұмытып қалдым. «Қауырға ұқсайтын сопақ доппен ойнайды» деп айтып әрең түсіндірдім. Анам да, әкем де қарсы болған жоқ. Осылайша мектеп қабырғасынан бастап регби спортымен шұғылданып келемін.

Бақытжан Омашев: Құрама командаға қашан қабылдады?

Балжан Қойшыбаева: 11-сыныпты тәмамдаған соң, 17 жасымда құрама сапына шақырды. Сол кезден бері ойнап келемін.

Бақытжан Омашев: Менің арманым – паралимпиада ойындарына қатысу. Үстел теннисін меңгеріп, төрт жылда бір айналып келетін паралимпиадаға қатыссам деймін.

Балжан Қойшыбаева: Әрине, қатысуға ешқандай да шекара, кедергі жоқ. Ең бастысы, талмай еңбектеніп, машықтану керек.

Бақытжан Омашев: Бірақ менің оң қолым ғана қозғалады, көріп тұрсыз ғой. Доп қиыс ұшса, бір қолмен қиындық тудырмай ма, әсіресе, сол жағыма қарай ұшқанда?

Балжан Қойшыбаева: Бақытжан, сіз қарасаңыз, паралимпиада ойындарында бір қолы иығынан шолақ адамдар да ойнайды. Сондықтан қолымнан келмейді деп қамықпаңыз. Ең бастысы, талаптанып шындалсаңыз, жеткілікті.

Бақытжан Омашев: Спортшы Балжанның бір күндік жоспары қандай?

Балжан Қойшыбаева: Менің бір күндік жоспарым әдеттегідей. Азанда ұйқыдан тұрған соң міндетті түрде жаттығу жасаймын. Кітап оқимын, бос уақытымды ата-анамның қасында өткізгенді қалаймын. Ұлттық құраманың оқу-жаттығу жиыны басталса, басқа қалаға, тіпті кейде өзге мемлекеттерге де сапарлап кетеміз.

Бақытжан Омашев: Ұлттық құраманың капитанысыз, жауапкершілігі зор шығар?

Балжан Қойшыбаева: Әрине, бұрын тек өзіннің ойыныңа жауапты болсаң, капитан ретінде бүтін бір құрама команданың ойыншыларына жауапты боласың. Жеңілістің ащы дәмін алдымен капитан тартады дегендей. Бірақ мойныма жүктегендіктен, салмағы батса да, арқалауға тиіспін.

Бақытжан Омашев: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Бақытжан ОМАШЕВ,
I топтағы мүмкіндігі шектеулі жан

АЕҢБІЗ

Штаб-пәтері Қазақстанда орналасқан «Шеврон» компаниясының Еуразия бизнес бөлімшесінің (ЕББ) Басқарушы директоры етіп Дерек Магнессті тағайындағанын хабарлайды. Ол 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмысқа кіріседі.

Магнесс мырза 2018 жылдан бастап Еуразия бизнес бөлімшесінің басқарушы директоры болған Джон Балтц мырзаның орнына келеді. Дерек Магнесс Луизиана штатының университетінде (*АҚШ*) электротехника бакалавры дәрежесін алып, 1997 жылы «Шеврон» компаниясында өз

«Мен үшін Қазақстанға жаңа қызметке оралу үлкен мәртебе және «Шеврон» компаниясының Еуразиядағы жұмысына қатысқанымма өте қуаныштымын, – деді Дерек Магнесс. – Мен серіктестерімізбен ортақ жетістіктерімізді одан әрі нығайту үшін осы маңызды аймақтағы жұмысты жалғастыруға асықпын».

Керемет елде жақсы дос таптық

жұмысын жер бетіндегі құрылыс инженері ретінде бастады. Содан кейін ол Оңтүстік Африка, Ангола, Польша, Ұлыбритания мен АҚШ-тағы «Шеврон» компаниясында бірқатар жоғары және басқарушылық қызметтерді атқарды. Сонымен қатар Магнесс мырза 2009-2012 жылдары Қазақстанда ЕББ басқарушы директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

Балтц мырза компанияда 41 жылдан астам қызмет еткеннен кейін 2022 жылдың сәуірінде зейнеткерлікке шығады. Осы орайда ол: «Қазақстанда жұмыс істеу менің халықаралық мансабымдағы ең маңызды сәттердің бірі болды. Мен және менің отбасым осы керемет елде көптеген жақсы дос таптық. Бұл ел ерекше есімізде қалады», – деді.

(Өз тілшіміз)

ӨЗ ҮЙІМ

Баспана алғың келсе

Мен 13 жасымда аяқ астынан ауырып, 2020 жылы қол арбаға таныдым. Ауылда тұрдым. Ауылдың жағдайын өздеріңіз білесіздер. Қалаға емханаға қаралу үшін жыл сайын келемін. Осылай жылдар өтіп жатты. Бір күні қаладағы ауруханада Бақыт деген кісімен таныстым. Оның мен сияқты арбаға таңылған ұлы бар екен. Бақыт ағай мүмкіндігі шектеулі жандар жұмыс істейтін орталықтың барын айтып, қалаға шақырды. 2016 жылы арман қала Алматыға көшіп келіп, Бақыт аға айтқан орталыққа жұмысқа орналастым. Орталықта моншақтан түрлі бұйым жасауды үйрендім. Жұмыс істей жүріп, «баспанаға қаржы жинаймын» деп алға мақсат қойдым. Сол кездегі «Тұрғынүйқұрылысжинақ», қазіргі «Отбасы» банкінде есепшот ашып, ай сайын қаржы салып отырдым. Мүмкіндігі шектеулі жан ретінде үй кезегіне тұрып, қажетті қаражатымды жинай бердім. «Тиыннан теңге құралады» демекші, жинағым «Отбасы» банкіндегі мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған бағдарламаға сәйкес келіп, биыл баспаналы болдым. Өзім сияқты мүмкіндігі шектеулі жандарға айтарым: ешқашан берілмеңіздер! Армандаңыздар. Ал сол арманға жету үшін мақсат қоя біліңіздер! Әр қазағым баспаналы болсын!

«Отбасы» банктің баспасөз қызметі таратқан хабарламаға сәйкес, соңғы үш жылда 34 мың жерлесім баспанаға қол жеткізіпті. Бірінші кезекте қоныс тойын көпбалалы және толық емес отбасылар, балалар үйінің түлектері, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, бюджеттік мекеме қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлер атап өтті. Олардың дені – 1986 жылдан бері баспана кезегінде тұрған азаматтар. Атап айтсақ, кезекте тұрған 34 мың азаматтың 11,1 мыңы 2019 жылы жаңа қоныска қол жеткізді, 13,8 мыңы 2020 жылы баспана сатып алды. Ал 2021 жылдың жеті айында жергілікті әкімдіктердің кезегінде тұрған тағы 9,1 мың азаматқа несие берілді.

Жыл соңына дейін «Отбасы» банк «Бақытты отбасы», «Нұрлы жер» және «Шаңырақ» пилоттық жобасы бойынша тағы 12 мыңға жуық несие беруді жоспарлап отыр. Соңғысын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Отбасы» банкіне (*«Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы*) 210 млрд теңге бөлді. Оның 131,3 млрд теңгесі қазіргі уақытта тұрғын үй сатып алу мақсатына несие түрінде берілген. Әкімдіктердің кезегінде тұрғандар «5-10-20» бағдарламасының қолайлы шарттарымен жеке пәтерлер сатып алды, мұнда 5% – несие мөлшерлемесі, 10% – бастапқы жарна және 20 жыл несие мерзімі. 78,7 млрд теңге сомасындағы қаражат қалдығы тұрғын үй іздеп жүрген қатысушылардың мақұлданған несиелік өтінімдері бойынша несиелендіруге бағытталады. Жоба бойынша 6 мыңнан астам несиелік өтінім мақұлданды. Сонымен қатар бағдарлама қатысушылары тұрғын үйді baspana.otbasybank.kz жылжымайтын мүлік порталында ұсынылған жеке құрылыс салушылардан да, жергілікті атқарушы органдар салған тұрғын үйлерден де таңдай алады.

Ең бастысы, баспанаға қол жеткізу үшін қаржыны ай сайын, үзбей жинақтап, болашаққа сене білу керек. Пәтер мәселесі мен үшін осылай шешілді.

Жанар ИНАҒЫНБАЕВА

БАСПАСӨЗ – 2021

JAS QAZAQ
jasqazaq.kz

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Бас редактор – директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – *экономика, нарық*
Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ –
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ –
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2279;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.